

П И О Н Е Р



Э. К. 1946г

СЕНТЯБРЬ

1946 ЖЫЛ

№ 3

РЕСПУБЛИКАЛЫК ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫ



ПИОНЕР

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан ЛКЖО Орталық
Комитетінің айына бір рет
шығатын балалар журналы

№ 3

СЕНТЯБРЬ 1946 ЖЫЛ



Мектебім

С. АДАМБЕКОВ

Анаммен тең, атаммен тең,
Алтын ұям—мектебім.
Білім алып, өшпес дәулет,
Мұрадыма жеткенім.

Сағынбасын қалай ғана,
Мектепті аңсап көңілім,
Таусылама қызықтарын
Мектептегі өмірім!


Сегізімнен кұмар жаным,
Татты балын мектептің.
Ушырғанша баулып шыңға,
Кұшағында ержеттім.

Достарыммен бірге отырған,
Қандай ыстық өз партам.
Өз партама, мектебіме,
Қайда жүрсем, кеп қайтам

Ақыл берген, өнерлі еткен,
Алтын ұям—мектебім.
Білім алып, өшпес дәулет
Мұрадыма жеткенім.



ҒАЛЫМНЫҢ ЖОЛЫ



Суреттерін жасаған суретші Н. Ходжиков

Әбу ЭЛЬ-АТРАУИ

Сабыр түбі сары алтын,
Сарғайған жетер мұратқа...

(халық мақалы)

Ғалым кешкі жұмысқа жаңа ғана кіріскелі жатыр еді, телефон шылдыр ете қалды. Ол орнынан тұрды да, телефон трубкасын құлағына тосты.

—Сізді тыңдап тұр... Ие, ие, рахмет, Раха, рахмет, дұрысында бұл қуанышыңа ортақпыз ғой. Менің ғана емес, сіздің де қуанышыңыз, Раха... келіңіз, келіңіз, күтем сізді, күтем, Раха...

Ғалым орнына келіп отырды да, әлде қандай ой тұңғайығына шомды. Оның бір нүктеге қадала қалған кішкене, бірақ жалынды қара көздерінің алдынан өз өмірінің білімге сусан, қыяға құлаш ұрған сонау жастық, балалық шағынан бастап, ғылым пыңына өрлеген қазіргі сағатына дейінгі талай ауыр, кейде шатқалаң, кейде үмітті белестері тізіліп өтіп жатты. Солардың ішінде ғалымның есінде мәңгі ұмытылмастай боп қалғандар мыналар еді:

1. Ұядан ұшқан балапан.

Ол 1922 жылдың май айы еді. Бүйрек құмдары Бабалы мектебінің алды күндегі көрінісінен өзгере қашты. Бұрын бұл мектептің алдында сабақ арасындағы бес минуттық қысқа демалысқа шыққан балалар ғана көрінер, жүрер еді. Бүгін ауылдың ер-әйелі тең-тегіс жыйналған тәрізді. Шалбарларының ышқырларын әлсін-әлі көтеріп, түйе жүн күштерінің сауыс боп қатып қалған жөндеріне таңқы танауларын сыйнай

сүртіп, қара сыйрақ балалар да жүгіріп жүр осы маңда. Қызыл-ала қоржындар да қаз-қатар тізіле қалыпты. Бұл не ғажап өзгеріс! Әлде Бүйрек құм ауылы той еткелі жатыр ма?

Дұрысында да бүгін Бүйрек құм елінің аса қуанышты күні еді. Бұл, өйткені ол ауыл өз өмірінде тұңғыш рет 9 баланы сонау Орынборға оқуға жөнелткелі жатыр. Ұшқалы тұрған жас балапандардың ұялары екі бөлмелі араш үйде быйыл ғана ашылған бастауыш мектеп болатын. Қанаттары әлі қатып жетпеген түлектерді баулушы анау тұрған селтік танаулы қара жігіт. Оны ауыл адамдары «Рахметжан молла» дейді. Рахметжан мұғалім әуелгі кезде «молла» деген сөзге ренжи тұрсада кейіннен еті ұйрене бара, әбден мойындап алды. Ауыл адамдарының «Бабалы мектебі», «Рахметжан молла» деген атаулары оған ерсі де тәрізденбеді.

—Ау, қане, болмайсындарма түгі, күн қызбай тұрғанда жөнеліп кетелік!—деді Сүлеймен ара, бұйрықты дауыспен.

Сүлейменнің сөзін күтіп-ақ тұрғандай дәл осы кезде мектептің қақпасынан шыққан екі арба ауылды басына көтеріп салдыр-гүлдір етіп келді де, иін тіресе, тізіліп тұрған қызыл-ала қоржындардың жанына келіп тоқтады.

—Қане, салындар анау жүктерді, ай-қайда-сындар, балалар, мініңдер тезірек!

Арбара«ә» дегенше киіз төселді де, қоржындарда салының үлгерілді. Тарихтан қалған көне мұрадай, тозыры жеткен ескі арбаның екі жағында төрт-төрттен тізіліп тұрған сегіз бала

қатарынан қарғып міне бастады. Өзгелерден бойы ана гұрлым шарын, жас шамасыда кенже-леу, шұбатылған түйе жүн шекпенді тоғызыншы бала да доңғалақтың кегейінен басып өрлеп келе жатыр еді. Рахметжан мұғалім оны көтеріп алды да, бүйректей екі бетінен кезек сүйіп, арбаға отырғызды.

—Ау, қане болдыңдар ма?—деді, арбаның алдына күн бұрын мініп алып манадан бері сабырсызданып отырған Сүлеймен ағай.

—Болдық,—деді балалар жарыса сөйлеп.

—Ал, жарайды, кеттік* онда, шу, әй!

Көптен бері май көрмеген доңғалақтың табан тірескен бөгетін екі-үш итіншектеп барып зорға жеңді де, тор мәстек еріншектеу аяңдай бастады.

—Уа жолдарың болғай, қарашықтарым!

—Әмин, айтқандрың келсін!

—Жақсы оқыңдар, барғанша сабақтарыңды қайталай беріңдер—деді Рахметжан мұғалім.

Доңғалақтың жерді баса шықырларан даусымен балалар мұны есітіп алған жоқ.

—Ие, Рахметжан молла, шәкірттерімді Орынборға жөнелттім де, — деді ақсақалды адам.

—Тұңғыш балапаңдарды ұшырдым, отағасы ұядан. Бірақ, дайындықтары тым-ақ келтелеу, тек екі ай ғана оқыды.

—«Ұядан ұшқан балапаң, қанаттарын тарайды, асыл туған анадан-әрбір іске жарайды» деген емес пе, иншалла сен баулыған балапаңдар шарықтар ертең аспанға, — деді қарт.

Бірақ, Рахметжан мұғалім бұған жауап бере қоймады. Өйткені ол терең ойға шомған еді бұл кезде. Мұғалімнің көзі тоқталған нүкте арбаның артында отырған, манағы өзі көтеріп мінгізген қара бала еді. Оқудың бастапқы кезінде Рахметжан кішкене, бірақ, сотқарлау қара балаға талай рет ірепжіген де болатын, тіпті бір екі рет шапалақтап та алған. Алайда, бүгін Рахметжан ағайға басқалардан гөрі осы қара бала қадірлі тәрізді. Өйткені тәжрибелі, қатал мұғалімнің топшылауы бойынша, оның көзінде үміт отының ұшқыны бар.

Арба бірдеп-бірге ұзай берді, алдарынан Жақсыбай өзені аспан тіреген жалғыз ағаш терегі көгілдірленіп көріне бастады. Жолды қуалай соққан бұрқасын құмға киіліп жүрісін бұрынғыдан да гөрі баяулата тор мәстекті «шу, әй шу, жануар» деп сауырлап бір қамшылап қойды да, Сүлеймен ағай ыңырсып әнге басты:

Қара құпаң Қалдыбай,

Жалғыз ағаш Жақсыбай,

Естерек ұлы Тарғынның

Тарылғанда ақыл сұрап жеткен жер...


Сүлейменнің ыңырсып салған еріншек әнін қостағандай мәстек те аяғын санап басты.

—Шу,әй шу, жануар-деп делбеші тағы бір сауырлап қойды. Бірақ таяққа еті әбден үйренген тор мәстек құйрығын бірер қамшылап тастап, байырғы әуеніне басты.

Екінші өрге көтерілгенде қара бала артына тағы да айналып қарады. Оның көзіне Бабалы мектебінің алдындағы дөңде тұрған бір қара көрінді. Бұл өзінің тұңғыш тәрбиешісі Рахметжан мұғалім еді.

2. Шекпенді бала

Жаңбырлы күзгі күн еді. Орынбордағы тас көшенің дәл ортасында, адасқан адамдай, аңырып тұрған қара балаға көзі түскендер мыре етіп бір-бір күлді де, өте берді. Оның аласа бойы, көзіне түсіре киген сеңсең жұрынды үлкен беркі, белін тас қып, қынай бұғандығына қарамастан әкесінің киіміндей қолқылдап жатқан түйе жүн шекпені, баларын ті-



зесіне дейін түріп алғап сүрмелі шалбары, жалаң аяқ тұрған түрі қала адамдарына, шынында, күлкі боп көрінді. Қаланың қуыршақшыл кішкене қыздары мен олардың аналары шекпенді қара балаға көздері түскепде, үлкен магазиндердің терезелерінде тұратын киімді қуыршақты көргендей болды.

— Сірә, қалташы шығар бұл бала.—деді өткіншілердің бірі.

— Қалташылық қолынан қайдан келсін, бақ іздеген біреу шығар,—деді екіншісі.

«Бетегеден биік, жусаннан аласа» қара бала өткіншілердің өзі туралы әңгіме етіп баражатқанын сезсете, дәл не айтқандарын аңғара алмады. Ол кішкене ғана қыйық көздерінен ызанын отын шашып, күлкішіл өткіншілерге тесіле қарады. Ыңғайы келіп қалса, бірімен алыса түсуге де дайын тұрды. Бірақ күшіне тәуекел ете алмағандай күлкішілерді тек ызамен ғана ұзата берді.


Аздан кейін қара бала көшенің жиегіне шықты да, әрбір үйдің алдындағы жазуларға көз тігіп қаланың орталығына қарай жүрді. Бұрыштағы үйлердің бірінен үлкен әріппен жазылған әлденендей жазуды көрді де, кілт тоқтай қалды. Ол орысша жазудың әрбір әрпін ежіктеп оқыды. Содан кейін «Ш-ко-л-а по-д-рос-т-ков» деді дауысын естірте. Қара бала жоры табылғандай көңілденді. Оның кішкене қара көздеріне қуаныш нұры пайда болды. Бала жүгіріп үйге кіргенде, оның көзіне бірінші рет түскен адам есік алдында тұрған қаба сақалды қара болды.

—Скожай, тауарш, школ питает можней—деді бала. Бұл оның мектепке орналасуға болама деп сұраған түрі еді. Сақалды мырс етіп күлді де:

—Ей, баранчук, менеки қазақша талмап биледи гой-деп, жауап қайырды.

—Онда мені мектепке алыңыз, алыстап келдім, ата,—деді бала, еркін сөйлесе алатын адамына кездескендігіне қуанғандықтап алқынып.

—Жок, менеки бастық емес қой, осандай керсеп казак бастық,—деді сақалды екінші есікті қолымен нұсқап.



Бала еңтігіп екінші есікке кірді.

—Әй, шекпен, сараң не керек?—деді, үлкен столдың арғындағы жұмсақ креслоға көміле отырған зор денелі, кірші шашты қара-сұр адам, ызғарлы пішінмен.

—Ағай, оқуға келген едім, мектебіңізге...

—Еһ, оқуға келіп едім, сараң ауылдың оқуы тайыздық еткен шығар,ә,—деді қара-сұр, баланың сөзін аяқтатпай, бастырмалатып.

—Ауылда екі ай оқыдым, мені қаладағы оқуға...

—Еһ, екі ай оқып едім, мүмкін сен бірден семинарияға-ақ кірерсің.

—Ағай семинарияға кірсем де болады, таңдап жататын жай жоқ, әйтеуір оқу болса—болғаны маған, кіргізе көріңіз—деді бала, қара-сұрдың кекесінін түсінбей қалып.

Қара-сұр баланың жүзіне тесіле ұзақ қарады да, «ха-ха-ха-халап» мысқылды, зілді күлкімен күлді.

—Өзің орысша гой ләм-мим білмейсің, Сөйте тұрып, қаладағы оқуға қол созасың. Шіркін жел қабаз қиял ха-ха-ха!—деп қара-сұр тағы да күліп алды.

—Орысша аздап оқып едім, әріптерді білем—деді бала, жұрынды үлкен бөркін көзіне түсіре, желкесін қазып.

—Әй, шекпен, сен ауылыңа барып, әзірге қойынды баға тұр. Сараң оқудан гөрі қой ба-

ғып, ет жеген ұтымды емес пе? — деді кара-сұр.

Бала одан әрі өтініп жатпады. Кара-сұрдың есігін дәрменінің жеткенінше лақтырып тастады да, жүгіріп далаға шықты. Оның екі көзі жасқа толы еді. Алайда мазақтаушының алдына өзін қорламайын деген оймен дауысын шығарып жыламады. Сол бойы көзі ешнәрсе көрместен бет алды жүгіріп келе жатты. Әлден уақытта бір адамға соғылып құлап түсті.

—Ей, сенің маңдайыңдағы көз бе, жарғақ па? — деді жіңішке, бірақ, зілді бала дауысы.

Бала көзін ашқанда өзінен гөрі ересектеу біреудің түйелі тұрған жұмырығын көрді. Кімнің жеңіп, кімнің жеңілетіндігіне есеп бере қоймаған кара бала да кішкене ғана жұдырығын түйе жерден көтерілген еді. Бірақ, төбелестің тағы да сәті түспей қалды.

—Ей, қойыңдар! Токтат, батыр, сауға, саған не болған. Бұ да біз сыяқты оқуға кіре алмай

жүрген бір бишара шығар, не қыласың жәбірлеп, — деді ересек біреуі жолдасының қолын ұстап.

Осы сөзді естуі-ақ мұң кара бала, анасына назын шаққап нәрестедей, өксіп қоя берді. Манадан көздің шеңберіне толы, булыққан жас нөсерлей жөнелді.

—Қой, әй, неге жылайсың?

Бала жауап бермеді. Бұрынғыдан бетер өксіп-өксіп алды. Не болған бұл кара балаға? Орынбордағы 15 күндік өмірінде, көпір астында қонған қорқынышты түндерінде ол сірә бала болып жылап көріп пе еді?. Тіпті әлгі кара сұрдың алдында да ол ерлік жасап, көзіндегі тас моншағын көрсетпеуге тырысқан еді—ау! Ал, кара баланың қазіргі жылауы орынды. Ол өз мұңдастарының ортасында тұрғандығын сезеді. Өзін мүсіркеп, жылы сөз айтушыға назын шақпақ болады.



Туған елге

Бүркіт ИСҚАҚОВ

Жүрсемде кең дүниенің қай жағында,
Мейлі Фин, мейлі Карел аймағында,
Шығармай түнде түстен, күндіз естен,
Туған ел, тек бір сен деп ойладым да!

Польшаның ұлан-байтақ даласында,
Өзге өлке, шет ел, жат жұрт арасында,
Жүрсемде тар жол тайғақ тар кешуде,
Туған ел, сен есімнен қаласың ба!?

Қар басқан көрі Карпат асқарында,
Биік шыр, жақпарлы жар-тастарында,
Жүрсемде мұз төсеніп, қар жастанып,
Туған ел, сені есімнен тастармын ба!?

Соғыста ұлы Отан дағдрын шешкен,
Майданда қанжығадан қанды кешкен,
Жатсамда жазым болып жан тапсырып,
Туған ел, тастамаймын сені естен!

Дунайдың ұшқыр ағын, жүйрік сені,
Жайқын сел, асау толқын, дүлей желі,
Ішінде хасрет тартып, қайғы артсамда,
Туған ел, тастамаймын естен сені!

Ішінде әскери сап, қалың қолда,
Аттаныс, алыс сапар, ауыр жолда,
Жүрсемде қыйлы қыйын жорықтарда,
Туған ел, сақтаймын мен сені ойда!

Сұрапыл қатты қырғын, қанды майдан—
Ішінде окпен жауға салып ойран,
Жүргенде жауды жойып, алға ұмтылып,
Туған ел, тастамаймын сені ойдан!



АК, ЛАК,

Т. САҒЫМБАЕВ

Көкен бірінші класты жақсы бітіріп шықты. Тіпті, одан класта ешкім озған жоқ. Үйші бұған таң қалды. Оның жүріс-тұрысынан оқуға жан-тәнімен берілгендік байқалмаушы еді. Ол көп ойнайтын. Көкенге әке, шешесі риза болмай, қапаланатын. Ол жөнінде оқытушысымен де ақылдасып көрді.

— Менің байқауымша Көкен тым ақылды, зерек бала, сабақты бар ынтасын салып тыңдайды. Баланың аты—бала ғой, ойнама деуге болмайды,—деді оқытушысы, Көкеннің әкесіне.

Бір күні Көкен жоралып кетті. Тәңертең ерте тұрған. Бұрын ерте тұрмайтын. Тұрған бөстінде кетіп қалды. Қайда кеткені белгісіз.

Көкеннің жоқтығын басында үйші елемеді. Бірақ, түс ауғанға дейін Көкеннен хабар болмады. Нұрғаным енді тынышсызданып шыжалақтай бастады. Көкен барады деген үйлердің барлығын сүзіп шықты. Бірі бала көрдік демейді. Су жағасына да барды. Онда ойнап жүрген балалар көп екен. Бірақ, Көкен көрінбеді. Одан шығып, далада жұмыс істеп жатқан бригадаларға тартты. Кейде ол даладағы бригадаға кетіп қалушы еді. «Ашық ауыз, бір жерде жүрген шығар, көрмедік. Қайда кетті дейсін, іздеп әуре болма, өзі-ақ келер»,—деді бригададағылар.

...Күн батуға таянған. Айтас бен Нұрғаным не істерін білмей, есік алдында тұр еді. Қолында жаңа ғана туған ақ лағы бар Көкен сырт жағынан шыға келді. Лақ жүніне ұйысқан шаранадан әлі тазармаған екен. Көкен өте қуанышты пішінде. Шарана тиіп, үсті-басының былғаңғанына да қарамапты.

— О қарағым-ау, қандай адам боласың. Әкешене серік болама десек, бұл не ұзақ күнге әуреге салғаның. Қайда кеттің, қайда болдың?—деді Айтас қатаң дауыспен.

Көкен лақты бауырына қысып, үндемей төмен қарады.

— Бұл кімдікі? Қайдан әкелдің бұл лақты, үстіңді былғаң?—деп Нұрғаным Көкеннің қолындағы лақты мойнынан кеп алды.

— Апа, өзімнің лағым...

Суреттерін жасаған суретші Лебедев

— Өзімнің лағым... Ойпырмай, қайда бардың екен!?

— Апа, кішкене сүт берші, жұтқызайың. Мынаны қарашы, қарны ашқан.

— Біреудің лағын әкеп, қарашы, өз басыңды алып жүре алмай жүрсенде,—деді әкесі қасына таяу келіп.

— Өзімнің лағым,—деді Көкен тағы қайталап, лақты бауырына қысқан күйімен шегіне. Көкеннің балғын жүзінде кейістік пішін пайда болды. «Біреудің лағы» деген сөз оған жақпан еді. Ол аузын томпайтып, теп-тез өкпелеп те қалды.

— Бер сүтің артынан сөйлесерміз,—деді Айтас Көкеннің түсін танығандай. Шынында ақ лақ Айтас үйінің үлкен ақ ешкісінің лағы еді. Көкен ерте тұрып ешкілі ауылға барған. Ақ ешкі өріске кетпей, қотанда қалған екен. Түскезінде ол лақтап егіз лақ туды. Ақ ешкі орнынан тұрған жоқ. Айша жеңгей келіп, ешкінің ішін басып көрді де тағы бір лақ туады деді. Айтқандай-ақ бір аздан кейін ақ ешкі тағы да бір лақ туды. Бір ешкі үш лақты емізе алмас



деп ойлап Көкен соңғы туған ақ лақты үйге алып қайтқан болатын.

Бұл жайды айтқан соң, әке-шешесі ашуын басты. Ақ лақты Көкеннің бағуында қалдырды. Көзінен таса етсе біреу алып кететіндей ол лақтың жанынан шықпады. Күніне үш мезгіл сүт ішкізіп, нан шайнап беретінді тапты. Далаға алып шығып ойнатып та алады. Бұл лақ пайда болғаннан бері ол бетімен кетуді де қойды.

Бір күні лақ іші кеуіп ауырып қалды. Тамақ жемеді. Оған Көкен қатты ренжіп, күні бойы үндемей, лақты айналдырумен болды.

— Қалқам, өлсе өліп қалар, оның басында неге отырасың мына тамағыңды іш,—деді Нұрғаным Көкенді тамаққа шақырып.

— Кішкентай балапан еді,—деді Көкен жыламсырап.

Түнде ақ лақ сергіп, азырақ сүт ішті. Күйрығып жыбырлатып, маңырады. Сілкінді. Екі көзі жанарланып, құлақтарын қағып, қасына барған Көкенді айнала піскеледі.

— Бейне балапан емес пе ана?

— Өзі балапан десе балапан екен, тіпті малға ұқсамайды, сүйкімдісін қарашы!—деді Айтас лақтың мамықтай үлпілдеген ақ жүнінен сыйпап.

Ақ лақ ауыз үйге байланған еді. Көкен лақтың астына құрғақ көпір салды. Мойнына байлаған жіпті байқап көрді. Лақтың қасынан кеткісі келмейді. Нұрғаным жатуға кірісіп, Көкеннің төсегін салып қойып еді. Ол жататын сыяқты емес. Ақ лақтың біресе ол жағына, біресе бұл жағына шығады. Лақ болып маңырайды. Біресе, ақ лақты негінен көтеріп бетіне жақындатады.

— Жат енді, жат, өзіміз сені де өйтін жақсы көргеміз жоқ,—деп Нұрғаным Көкенді ауыз үйден жетектеп әкеп, төсегіне жатқызды. Ол қуанышты. Лағын өліп қалады деп ойлаған еді. Өлмеді, Енді тіпті өлмейді, деп ойлады ол.

Нұрғаным қатты ұйықтап кетіп еді. Ақ лақтың маңыраған даусынап оянын кетті. «Немене, буынып қалды ма, жоқ, қайта ауырып қалды ма екен» — деп құлағын салып еді, лақтың дыбысы үйдің ішінде естілді. «Е, шешіліп кеткен екен ғой»,—деп Нұрғаным орнынап тұрып, шам жақты. Төр алдына қараса, лақтың бас жағы Көкеннің құшағында, арт жағы төсектен көлденең шығып, ақ лақтыңырлап жатыр.

Көкен әке, шешесі ұйықтаған соң лақты әкеп, төсегінің жанына есік алдына жататын тайтеріні жайып, соған жатқызған екен. Лақ әуелде тынышсызданса да, соңынан қозғалмай жатып еді. Көкен оны мойнынан, басынан сыйпап жатып ұйықтап кетті.

— Сеп жынданарсың Көкен, Мынауын не? — деп Нұрғаным қолынан лақты тартып алды.

— Әшейін, ана, қазір байларалы жатырмын,—деді Көкен сасып қап.

— Балапаны ғой, бөнесі,—деді төсекте жатқан Айтас күліп.

Осыдан былай бұлар ақ лақты «Ақ балапан» деп атап жүрді.

Ақ лақ ақ үкідей болып өсті. Далаға жайылура жарады. Марқайып үлкейді. Кішкентай шөміш бас, екі құлағы жалбыраған, тоқал мүсінді болды.

Енді оны малға қосып далаға жіберсе де болатын еді. Әкесі мен шешесі осыны айтса да, оған Көкен көнген жоқ. Оған ақ лақтың өзі де көнбейтіндей еді. Оның Көкенге үйренгендігі сондайлық: Көкен қайда барса, ол да соңынан қалмай еріп жүретін. Бір кеште мынадай қызық болды. Ақ лақ үйдің сыртында жайылып жүрген болатын. Бір мезгілде оның маңырағаны, үйді айнала жүгірген дүбірі естілді. Сол арада тұмсығын көтеріп үйге кіріп кел, маңырап-маңырап, қайта шыға жөнелді. Айтас бен Нұрғаным да соңынан іле шықты. Лақ қолды-аяққа тұрмай, үйді айналып жүгіріп кетті.


— Бұған не болған? Лақтарыңыз шешесін іздеп жылаған жас балаға ұқсайды ғой,—деді бір жақтан келе жатып, осы үйге бұрылған Көкеннің оқытушысы.

Оқытушы осы сөзді айтқанша болған жоқ. Лақ маңырап анадай жерде келе жатқан Көкеннің алдынан жүгіріп шықты. Ол бара күйрығын жыбырлатып, тұмсығын көтеріп, біресе Көкеннің алдына, біресе артына шықты.

— Малдың адамға дәл осылай үйір болғанын көргенім осы—деді Айтас.

— Мен айтып едім ғой. Көкен бірдемені ойына алса, соның соңына түскіш-ақ деп. Ақ лақты қалай мәңгелеп өсірген, көрдіңіз бе? Көкен оқуды да осылай бар ықласын салып оқыйды,—деді оқытушысы салмақты пішінмен.





(Советтер Одағынын Батыры Мартбек Мамраев туралы).

Суреттерін жасаған Н. Баранов

К. АМАНЖОЛОВ

—Ой, Днепро! Днепро!¹ деген бір дауыс
Шыққандай жердің өзегін жарып,
Сілкінтіп бойды, қыздырып намыс,
Жаңғыра тиді аспанға барып;
Алдағы жеңіс шұғыласындай,
Үстінде майдан ту болып шалқып,
Умтылыдық біздер батысқа қарай,
Дауыл боп ұйтқып, өрт болып шарпып.

Жалтақтап қарап жағалауына
Бңырсып ән сап, кобзасын² ойнап,
Түйіле толқып, сыр бермей жауына,
Жатты ағып Днепро, көп ойлар ойлап.
Күрсіне тыңдап өзеннің сырын,
Жағада жалғыз тұр ұлы Тарас³
Тарқатып тастап алтын бұрымын
Оксана⁴ өксіп төгеді кеп жас.

—«Ой, Днепро, Днепро!» басындар,
достар,
Қыймылда, қыздыр! Таң енді таяу,
Тұр сынап бізді дұшпан бар, дос бар.
Мәскеуде Сталин, отыр ол ояу.
Отыр ол бізді алыстан көріп,
Әкедей тілеп тілегімізді,
Арман жоқ кетсек ел үшін өліп,

Жалынға көміп жүрегімізді.
—«Ой, Днепро, Днепро!»... Зерделі
өзен,

Алыстан бізді тартады лебің,
Тасып тұр кегін, айтпай-ақ сезем,
Қызғанып жаудан Украина жерін.
Басындар, достар, қыймылда, қыздыр!
Көтеер бізді туған жер төсі,
Ай анау—алтын, ұйықтамай ол тұр,
Телміріп жерге аспанның көзі.

Адымдап алда лейтенант Волков,
Келеді рота майданды үңгіп,
Днепрге құяр өзендей толқып,
Қара түн — хауіп, қаймықпай сүңгіп.
Дүрс етсе бомба алыс бір жақта,
Түршігіп мұнда денесі жердің,
Жыландай мина ысқырған шақта,
Жалт етер көзі жас жігіттердің.

Құйрықты жұлдыз—снярад, оқтар,
Кезіп жүр көкті, жем іздеп аңсап,
Кеудеге келіп қонуға құштар,
Тұмсығы сүйрік қан құмар найсап.
Айнала орман күбір де күбір,
Түстерін айтып, ертелей жорым,

- 1). Днепро — деп Украиндықтардың өздері Днепр өзенін айтады.
- 2). Кобза — Украинаның ұлттық музыка аспабы.
- 3). Тарас Шевченко — өткен ғасырдағы Украинаның ұлы ақыны.
- 4). Оксана — Тарас Шевченко шығармасының кейіпкері.

Естілді сол кез бір ғажап дүбір
 Жүрегі жердің тұрғандай соғып...
 Токтады рота, тындады, тұрды,—
 Орманға қонған бұлттай боп тынып.
 Атой сап алды, сілкіткіп қырды,
 Кернейін ойнап, дабылын ұрып,
 Жатқандай жөңкіп қалың қол қаулап,
 Ашылды алдан жаңа бір дүние.
 Украина дауын, жатқандай даулап,
 Күркіреп күндей Днепро—бір ие.
 «Днепро!» деген сөз—күс болып самғап,
 Кеудеден ұша жөнелді ойнап,
 Жарқ етті көздер, жарқ етті жан-жақ,
 Қуаныш күйі бұрқ етті бойдан,
 —Днепро, Днепро!—деп, ұмтылды ерлер,
 Жер сыза ұшқан жалынды бір бұлт,
 Тілгілеп түнді нажағай семсер,
 Шағылып шұғыла етеді жалт—жұлт.
 Алдында Днепро аңқылдап лебі,
 Қарсы ала шықты қанатын желпіп,
 Қыртысы балғын Украина жері
 Қояды демеп, қайыса серпіп...
 Қыздыра жақты таң сұлу отын,
 Қып-қызыл жалын лапылдап, шалқып,
 Сол оттан ұшқан бейне бір түтін—
 Ақ ұлпа бұлттар аспанда қалқып,
 Құлпырып кетті дүние жайнап,
 Жерде өмір балқып, көкте нур толқып...
 Таласа таңмен жарасын байлап,
 Ұмтылды алға лейтенант Волков.




Ұмтылып алға, ақырып жауға,
 Ұмтылды алға достары бірге,
 Құйылды келіп қан омырауға,
 Қып-қызыл моншақ төгілді жерге,—
 Жығылды ол тудай,—басылды жалын.
 Басты да бұлт боп өтті бір түнек.
 Сәл жыйып есін, көрді өз қанын,
 Дей берді: «Мартбек,... Мартбек, әй,
 Мартбек!»

— Мен мұнда, жолдас лейтенант!
 Мұнда!...

—«А, Мартбек,... Рота... Днепро...Алға!...
 —Жолдас, дәрігер, бол тез қыймылда!
 Жүріңдер алып, жарасын таң да!
 Деді де Мартбек, бойын бір сілкіп,
 Достарын жыйып бір бекініске,
 Көзінің жасын ұрланып сүртіп,
 Сыр бермей жауға, кірісті іске...
 —Жетеді, достар! Ал, кеттік, алға!
 Бұрқырат оқты, аяма патрон!
 Пулеметтерді иыққа сал да,
 Айнала жаудыр! Жап-жақын Днепро!—
 Деді де Мартбек, автомат ұстап,
 Жөнелді бастап, жанын сап сыңға;
 Ақырып алда Ағыбайға ұқсап,
 Ұрынтып жауды бір сұрапылға.
 Жармасып дұшпан, жанын сап өртке,
 Таусылып айла, құрып әм сіле,
 Келе алмай тура дәл бетпе-бетке,
 Сүрініп құлап өз өлімтігіне,
 Қасқыр боп ұлып, алыстан үріп,
 Көк семсер Мартбек жүйкесін қыйып,
 Сұрапыл соғып, тоз-тоз боп іріп,
 Қалды ақыр шулап, өлігін жыйып...

Құбылып жалт-жұлт, бұп-бұйра жоны,
 Суылдап сырғып, аңқылдап лебі,
 Терең ой алуан хикая толы
 Арнаға сыймай кең көкерегі,
 Алыстан тартып дүние сырын,
 Көзімен көрген көп қыйлы заман,
 Толқын мен тербеп Украина ұлын,
 Төсіне кұшса—құмары қанған,
 Жағасы жайлау, етегі өріс,
 Жатқан бір жомарт, қарық қып елін...
 Атаңа нәлет, бұзақы неміс,
 Ылайлап суын, жұлқылап жерін,
 Қаңғып кеп сонау ит өлген шеттен,
 Кеусәрмен жуып қолдарын арам...
 Мұңайып көптен, ұлдарын күткен,
 Мінекей Днепро—даңқты бабаң!
 Шомылып бойлап, осынау ойға,
 Тұр еді Мартбек өзендей толқып,
 Жанары өрт боп, дем алып зорға,



Ес жыйды сол кез лейтенант Волков.
 Қуанып Мартбек, басып кеп нық-нык,
 Берді кеп рапорт: «лейтенант жолдас!
 Бұйрығыңызды орындап шықтық,
 Днепрге жеттік, шығын бар бір аз...»
 Бітіртпей Волков Мартбектің сөзін,
 Қалтырап қолы, күбірлеп ерні,
 Құшағын жайып, кең ашып төсін,
 Сорғалап жасы, сүйді кеп ерді.

—Командир жолдас! Жігіттер шөлдеп
 Қаталап, кепті. Оқ нәсерлетіп,
 Алғызбай суды аралдан көздеп,
 Барады жаудың қорлығы өтіп!
 —Су ала барып, амалың бар ма,
 Тапты тез қаза Саттаров Тұрсын.
 Қайтеміз енді? Жаралылар да,
 Дамылсыз зарлап сұрайды сусын.

Лейтенант Волков, тамсанып, талып,
 Дей берді ол да: «Днепро!... су!... су...»
 Қара түн көзін нажағай шалып,
 Көтеріп дауыл—ыза мен ашу,
 Жөнелді Мартбек жолбарысша ытқып.
 Лейтенант мұнда барады сөніп.
 Днепро жатыр лепіріп толқып.
 Қап-қара бір бұлт келеді төніп.

—Төгіңдер оқты аралға мына!
 Деді де кетті ол күмп беріп суға,

Жөнелді Днепро тебреніп ала,
 Желпілдеп жатты көк ала шуда.
 Алдында жүзіп пулемет «Максим»,
 Келеді Мартбек боратып атып,
 Шойын боп үсте су сіңген киім,
 Ойнайды өлім аяқтан тартып,
 Біресе алдан, біресе арттан,
 Түседі жаудың шалғысы зулап.
 Көк пері дауыл сыр бермей тынып,
 Жапырылады үйіле құлап.
 —Мартбектен аяр жанымыз жоқ, деп
 Қарғыды суға жауынгер ерлер,
 Қадалып жатыр кеудеге оқ кеп,
 Сонда да ерлер емес еш елер.
 Келеді сілтеп, айғайлап, шулап,—
 Жаңғыртқан жерді ұрандатса,
 Үстінде Днепро толқын боп тулап,
 Ажалды аста, тепкілеп басқа
 Ғаламат бір күш таскын ба, лау ма,
 Сілкендей болды аспанды жерге,
 Жағадан сонау ақырды жауға,
 Көк дауыл біздің зеңбіректер де.

Сол кезде Мартбек, үстінде арал,
 Жарасын таңып, киімін сығып,
 Отырды ойлап тағы бір амал,
 Көк пері дауыл сыр бермей тынып.





Х МҰСАБАЕВ

Қазақ ССР Оқу Министрінің соғыс өнерін үйрету жөніндегі орынбасары.

Тәртіп туралы

Ботаника пәнінен беретін мұғалім оқушылардың әр қайсысына келесі сабақта өсімдіктің бір-бір түрін жыйнап әкелуді тапсырды. Оқушылардың барлығы да өзіне тапсырылған өсімдіктің түрлерін әкелді. Бірақ, бір оқушы әкел деген миюаның тамырын әкелмеді, тапсырманы орындамады. Мұғалім амалсыздан оқушыларға миюаның тамыры туралы түсінікті тек ауызша ғана айтып беруге мәжбүр болды. Сөйтіп, бір оқушының тәртіпті бұзғандығынан бүкіл бір кластың оқушылары миюаның тамыры туралы түсінікті тек құлақпен естіді де, ал оның түрін, құрылысын көзбен көре алмады. Құлақпен естіген затты көзбен көріп, қолмен ұстап отырса, ол зат жайындағы сабақ әлде қайда түсінікті, әлде қайда ұғымды болған болар еді.

Балалардың көпшілігі мектепті бітіргеннен

кейін Қызыл Армия қатарына алынады. Сонда саналады. Егер ротада бір тәртіпсіз жауынгер солардың кей біреулеріне әскери тәртіпке төселу өте қиынға түседі.

Тәртіп дегеніміз не? Тәртіп дегеніміз — берілген тапсырманы яки бұйрықты бұлжытпай орындау деген сөз. Тәртіпті оқушы болу дегенімізше? Бұл — өзінің оқушылық өмірінің заңын, мектеп балаларына тән мінез-құлық ережелерін адал және аброймен орындау деген сөз. Ал, тәртіпті жауынгер болу деген ше? Бұл да Қызыл Армияның уставтары мен жоғары бастықтардың бұйрықтарын сөзсіз, бұлжытпай және уақытында орындау. Демек, мектеп тәртібі әскери тәртіптің негізі болады.

Біздің армиямыз неміс-фашист әскерлеріне қарсы кескілескен қатты соғыстарда жеңіп шық-

ты. Біздің айбынды Қызыл Армиямыздың қуаттылығы мен күштілігінің бір себебі — совет жауынгерлерінің темірдей берік тәртібі болып болса да, соның кесірінен бүкіл рота ауыршырына ұшырайды.

Мен 1941 жылдың күзінде майданның бір учаскесінде бір тәртіпсіз жауынгерді кездестірдім. Ол өзінің тәртіпсіздігінен қаза тапты. Бір күні үш барлаушыға түнгі барлауға шығуға бұйрық берілді. Үшеудің бірі Садықов дейтін жігіт еді. Таң алдында екі жауынгер берілген тапсырманы орындап, штабқа қайтып келді. Ал, Садықов жоқ болып шықты. Оның соңынан іздеушілер жіберілді. Аласа қалың бұтаның тасасында жатқан оның денесі табылды. Қасынан сіріңке және шылымның қалдығы табылды. Тексере келгенде, Садықов командирдің аса қатты тапсырған бұйрығын—барлауда жүргенде шылым шекпеу керек дегенін орындамаған, сонан соң дұшпанның мергені шылымнан шыққан от арқылы оны көріп қойып, атып өлтірген болып шықты.

Сол сыяқты мынадай тағы бір оқыйға болғаны есімде. Барлаушылар отрядының бастығы байланысшы жауынгерді өзіне шақыртып алып:

— Екі сағаттан соң өте тығыз мәлімдеме алып штабқа барасың. Ал, қазір—деді ол, шаршап қалжыраған жауынгерге үңіле қарап, — екі сағат ұйықтап ал!

Екі сағаттан соң барлаушылар отрядының бастығы байланысшыны тағы шақыртып алып:

— Ұйқың қанды ма? — деді оған.

— Қанды! — деп жауап берді байланысшы. Бірақ ол өтірік айтты. Бұл өткен екі сағатта ол ұйықтаған жоқ еді, блиндажда қалғып отырып, жолдастарымен әңгіме соққан болатын.

Байланысшы пакетті алып, блиндаждан шығып атқа мінді. Біраз жүргеннен кейін-ақ оның ұйқысы келіп, көзі еріксіз жұмыла берді. Ұйқысын ашу үшін ол атты барынша айдады. Бірақ, ұйқы зіл қара тастай үстінен баса берді. Жарым жолдан асқан соң, байланысшы сағатына қарады. Сағат 10ға 15 минут қалыпты. «Пакетті штабқа сағат 10нан 30 минут кеткенде тапсыруым керек. Ал штаб алыс емес, не бары екі-ақ шақырым жерде. Шылым тартып та үлгеремін ғой» деп ойлап, ол аттан түсті. Бір жерге барып отырып шылым тартты.

Сөйтіп отырып, байқамай көзі ілініп ұйықтап кетті. Ол сол ұйықтағаннан үш сағат ұйықтады. Барлаудан түскен мәлімдеме штабқа уақытында жеткізілмеді. Соның салдарынан бүкіл бір бөлімнің ұрыс операциясы бұзылды.

Міне, соғыста тәртіптің қандай маңызы бар екендігін осыдан аңғаруға болады.

Бірақ тәртіптілік тек армияда ғана емес барлық жерде — фабрик пен заводта да, колхоз бен совхозда да, мекеме мен мектепте де керек. Елімізде жаңа бесжылдықтың жоспары жасалды. Ол жоспар бойынша халқымыздың шаруашылығы қалпына келтіріліп, өркендей бермек. Жаңадан көптеген фабрика, заводтар салынбақ, рудниктер, шахталар ашылмақ. Ғылыми-зерттеу институттары құрылмақ. Міне мұның бәрін орындап шығу үшін де тәртіп керек.

Жаңа оқу жылы басталды. Қазір әрбір оқушының алдына қойған мақсаты біреу-ақ болу керек. Ол — өте жақсы оқу. Ал, өте жақсы оқу оңай іс емес. Бұл көп күш жұмсап, көп уақыт болуді керек етеді. Сондықтан бірде-бір күн, тіпті бірде-бір сағат пайдасыз босқа өтпесін.

Сабаққа дайындала отырып әрбір оқушы өзінің күнделікті оқу тәртібін жасап алуы керек және сол жасалынған тәртіп бойынша оқуға және дем алуға бөлінген уақыттарды дұрыс пайдалану жөн. Сонда уақыт барлығына да: кезектегі сабаққа дайындалуға да, өткен материалдарды қайталауға да, дем алуға да жетеді.

Тәртіпті оқушы мұндай режимге тез әдеттенеді. Ол оқу жылының басынан аяғына дейін сабаққа бір белгіленген уақытта дайындалуға дағдыланады. Ал, кімде-кім мұндай тәртіпке бұрын үйренбеген болса, оған дағдылану өте қиынға соғады. Дегенмен ол қайткен күнде де өзінің бұрынғы еріншектігін, салақтығын жеңе отырып, бар күшін сабақ оқуға жұмсау керек. Сонда ғана ол сабақты да жақсы оқыйды, сынақтан да сүрінбей өтеді. Ал, бұл үшін тәртіп керек. Өйткені тәртіп—барлық істің тетігі.

Оқушы кезінде тәртіпке әдеттенген адам жоғары мектепте де, қызметте де, армияда да тәртіпті болады. Ал, тәртіпті адамның қолынан істің бәрі де келеді, бәрін де істейді. Ол аброй, атаққа не болады, халықтан сый-хұрмет көреді.





Д. ӘДІХАМОВ

Еліміздің өнеркәсібінің өркендеуі үшін мұнайдың маңызы өте зор. Мұнай болмаса сапаның заводтар, фабрикалар, электр станциялары тоқтап қалар еді, бірде-бір самолет ұшпас еді, бірде-бір автомобиль орнынан қозғалмас еді, кемелер де қуатынан айрылып, мұхиттың ортасында теңселіп тұрған болар еді. Бұдан мұнайдан — бір ғана машиналар мен өнеркәсіп орындарында қолданылатын жанармай шығады деген ұғым тұмайды, мұнайдан химиялық жолдармен толып жатқан әртүрлі заттар алуға болады. Бояулар, пісмайлар, дәрілер, тіпті жейтін май да мұнайдан қорытып алынады.

Ерте замандарда адам мұнайдың тек жер бетіне шышып шығып кейбір жерлерде бұлақ, жылымға айналған түрлерін ғана білген.

Мұнай (нефть) деген сөздің өзі мидділердің «нафта» шышып жер бетіне шығу-деген сөзінен алынған.

Бір кезде Александр Македонский жердің астынан шышып шығып жатқан мұнайды көріп, қайран болып, сол кездегі оқымыстылардан: «Жақын жерде май шығатын ағаш жоқ, осы май қайдан келіп жатыр?» деп сұраған екен.

Әрине, бәрінен хабардар болғысы келген гректің ұлы қолбасшысы өзінің бұл сұрағына жауап алу үшін ғасырлар бойы күтуіне тура келді. Бұл сұраққа химия ғылымының оқымыстылары тек XIX ғасырдың екінші жартысында ғана жауап берді. Олар мұнай біріне-бірі жақын әлде неше химиялық заттар — су, көмір тектерінен құралғандығын анықтады. Алайда, мұның өзі нағыз толық жауап емес еді.

Орыстың химия ғылымының ұлы ғалымы Д. И. Менделеев мұнайды қолдан жасамақ болды. Ол шойынның (көмір тектес темір) үгіндісін алып, оған тұз қышқылын құйды. Бұл еке-

уі қойыртпақтасып жаңа бір сұйық затқа майға айналды. Бұл майлы сұйық заттың түрінің мұнайдан ешқандай өзгешелігі болмай шықты.

Мұнан кейін ғылыми зерттеу жолымен анықталған бұл тәжірибе бойынша табиғатта да мұнай осылай пайда болуға тиіс деген қортындыға келді, Менделеев. Сонан соң ол химиялық заттар табиғат ішіндегі қандай жағдайларда мұнайға айналуға тиіс деген сұраққа жауап іздеді. Оған Менделеев былай деп жауап берді: «Жердің астында ауыр металдармен бірге көмір тектес темірлерде болуға тиіс. Бір замандарда биік таулар көтеріліп шыққанда, жердің іші қуысталып қалған болар. Таулар көбейген сайын жердің ішкі қуысы тереңдей келіп, баяғы көмір тектес темірге жеткен болар. Жердің бетіне жыйналып сол қуысты қуалай аққан су көмір тектес темірге жеткен болар. Бұл жерде көмір тегі мен су тегі қосылып, ыстық сұйық зат — көмірлі су тегіне айналуы ықтымал. Сонан кейін қуыстар осындай сұйық затқа тола келе, ол сұйық заттар бірте-бірте жер бетіне көтеріліп келе жатқан жолдарында суыған шығар. Міне, мұнай табиғаттан осылайша шыққан болуға тиіс деді, Менделеев. Оның бұл жорамалын оқымыстылар көп уақытқа дейіп дұрыс және толық дәлелді деп келді. Бірақ Менделеевтің мұнайдың қайдан, қалай шыққаны туралы дәлелдерінде қайшылықтар байқалды.

Бұдан кейін бірімен-бірі қатарласа мұнай жөнінде бірсыпра жаңа теориялар шықты. Солардың бәрінің де өзара қайшылықтары мен кемшіліктері болып жатты. Оқымыстылар бұл жөнінде өзара көп ойласып, бір қортындыға келді. Ол қортындыны енді дұрыс деп есептеуге болады.

Көлдер мен тайыз теңіздердің суында тірі

Жәндіктер мен өсімдіктер өте көп. Осы кезге ілінбейтін сансыз тірі жәндіктер және өсімдіктер ғылым тілінде планктон деп аталады. Бұл планктондар өте ерте замандарда хаюандар дүниеге келмей тұрған кездердің өзінде суда болыпты. Олар мыңдаған жылдар бойы минут сайын өсіп өнеді, де минут сайын қырылып жатады. Олардың қырылғандары қара құрымдай қаптап судың түбіне батып жатса, соншалық болып судың бетіне жаңадан келіп те жатады. Сол қырылған жәндік, өсімдіктер су түбіне жыйнала береді. Олар су түбіндері лаймен араласып, ботқа сыяқты іркілген затқа айналады. Бара-бара мұның ішінде майлы уызды зат пайда болады. Бұл ғылым тілінде «сапронель» деп аталады. Бұл гректің шірік, лай деген сөзі еді.

Сапронельді келе-келе батпақ және су ішіндегі сондай ауыр нәрселер басады. Сөйтіп ұзақ жылдар бойы батпақтың астында басылып жатқан сапронельдің майлы уызды заттары түрлі күрделі өзгерістерге ұшырап мұнайға айналады. Ол бірақ қою сарабдел еді. Оқымыстылар мұны мұнайдың алғашқы түрі немесе торталы мұнай дейтін.

Сапронель қазірде де бола береді. Ақ көлдің, Балқаш көлінің түптерінен қалың сапронельдер табылды. Әрине, ол сапронельдер өз бетінше нағыз мұнайға айналу үшін ұзақ жылдар керек. Сондықтан оқымыстылар сапронельді тура қайнату жолымен мұнайға айналдыру әдісін тапты. Сөйтіп мұнай планктоннан пайда болған деген қыйсын барлық сұраққа толық жауап береді.

Ол қыйсын ең алдымен мұнайдың көп жерден кездесетіндігін дәлелдеді. Планктонның болғанын бұдан былайда үздіксіз бола беретіндігін анықтады. Барлық көлдер мен теңіздерге болатын планктондардың өлімтігі сапронельге айналып, сапронель түрлі өзгерістер арқылы мұнайға айналатындығын ашты. Сонымен қатар бұл қыйсын оны қайдан іздеу керектігін тура айтады. Ол үшін тек ескі географияны жақсы білсе болғаны.

Бірақ барлығын дәлелдеп берген осы қыйсын-

ның өзінде де кемшіліктер болды. Ол қыйсын бойынша бытыраған қою зат қалай сұйылады, сұйық мұнайға айналады деген сұраққа жауап табу еді. Бұл сұраққа химия ғылымының ғалымдары қою мұнайға су тегі көп араласса, сұйылып ағымтал болатындығын дәлелдеді. Бірақ соншалықты көп су тегі мұнайға қайдан барып қосылатындығын ешкімде жете дәлелдей алмады.


Бұған дәлелді жауапты совет оқымыстысы, академик И. М. Губкин берді. Ол совет биологтарының жер астында бактерия күнелтетіндігін дәлелдеген зерттеулеріне назар аударды. Ол бактерияларды ғылым тілінде анаэробныйлар дейді. Олардың басқа жәндіктерден айырмасы: ауамен дем алмай-ақ жерден от тегін ала береді. Сонымен қатар бұл бактерияның бірсыңрасы өзінен су тегін шығарады.

Осыған сүйене отырып академик Губкин мұнайға хажетті су тегін жер астындағы осы бактериялар береді деген қортындыға келді. Ол бактериялар су тегін миллион жылдар бойы беріп тұратындықтан торталы қою мұнайдың сұйық мұнайға айналуына жеткілікті су тегі қосылатыны дәлелді болды. Сонымен ғылым мұнайдың педен, қалай шығатыны туралы сұрақтардың бәріне бірте-бірте толық жауап берді.

Советтер одағында мұнай өте көп. Мұнай запасынан еліміз дүние жүзінде бірінші орын алады. Қазақстанда мұнай Гурьев облысының Доссор, Мақат, Ескене, Байшонас, Сағыз, Қосшағыл, Құлсары, Жолдыбай, Комсомол, Қошқар аудандарында, Ақтөбе облысының Шұбарқұдық, Жақсымай аудандарында шығады.

Эмба мұнайы жақсылық (сапасы) жарынан Советтер Одағында бірінші орын алады, ал Доссор мұнайы дүние жүзінде бірінші орын алады.

Жаңа бесжылдықта Қазақстандағы 12 мұнай кәсіпорнының үстіне жаңадан тағы да 6 кәсіпорны қосылады. Сөйтіп мұнай шығатын бұл 18 кәсіпорны Сталиндік жаңа бесжылдықтың соңғы жылдарында 1200 мың тонна мұнай шығаратын болады. Бұл Қазақстанда 1940 жылы шығарылған мұнайдан 72.2 процент артық.





(ЖАЛҒАСЫ)

Суреттерін жасаған Н. Ходжиков

Жақан СЫЗДЫҚОВ

Өтті күндер, өтті айлар...
 Тасты бұлақ, терең сайлар;
 Асан үйге қайта алмады.
 Көргендерін, білгендерін,
 Ұзақ жолда жүргендерін,
 Әкесіне айта алмады.
 Бір уақытта Үсен тұрып,
 Атасынан тілек қылып,
 Шықпақ болды о да жолға.
 — Ақ сақалды мейрімді ата,
 Ықыласты беріп бата, —
 Деді, — жолды өзің онда. —
 Жолға шықты, Үсен кетті,
 Жүре-жүре келіп жетті.
 Қалың орман қойнауына.
 Бұл да Асаңдай құты қашып,
 Бірде қорқып, бірде сасып,
 Түсті жыңның ойнарына.
 Ақырды дәу келе-сала:
 — Келдің қайдан бұл араға?
 Жұмысың не, айтшы жылдам!
 — Тамақ іздеп шықтым жолға,
 Бұл орманға жеттім зорға,
 Сірәда жоқ басқа кінәм.
 Түсті қолға, амал бар ма.
 Бұл да түсті шыңырауға,
 Болдыдағы алтын алмақ.
 Бітірген соң жүз шелекті,
 Сұм қармаққа бұ да ілікті,
 Шыңырауда қалды зарлап.
 Жүре-жүре Үсен тағы,
 Қуат келіп, құрыды әлі,
 Сүлдері жоқ, күрмелді тіл.
 — Қайдан келдің, е, адамзат?
 Қан жайлауым, жерді бұлғап,
 Деген ақырды мыстан кемшір,
 — Талай кетіп, талай келіп,
 Талай өліп, болған өлік.
 Тірі қойман енді сені,

Құл боласын енді маған
 Таңсырамын жұмыс саған,
 Қалдың мәңгі мұнда тегі.
 * * *
 Күн артынан күн зымырап,
 Түн артынан түн бұлдарып,
 Өтті жылдар қақты бұлаң.
 Байғұс қарт та қайғы шекті,
 Зар еңіреп жасын төкті,
 Хабар болмай екі ұлынан.
 Түсті Хасеп бір ниетке,
 Ағаларын іздемекке,
 Сапар шегіп шықпаққа жол.
 — Тартқанымша қайғы, зарды,
 Іздейін мен бауырларды,
 Уа, ата жан, рұхсат бер!
 — Көзім нұры, бота жаным
 Екі ұлымды жоғалтқаным
 Бір басыма жетер менің.
 Көзім жетсе келмеуіне,
 Қайтып үйге енбеуіне,
 Сірә рұхсат етерме едім.
 Тілем, жан, бата менен.
 Айырылып тағы сенен,
 Өткізем бе ауыр күнді.
 Үміт, хиял-ол бір сағым,
 Таба алмайсың, құлышарым,
 Іздегенмен бауырыңды.
 Деді де ата, рұхсат бермей,
 Бір толғанып, төгіп көлдей.
 Көздің жасы жуды бетін.
 Күбірледі, жыбырлады,
 Әлде нені сыбырлады,
 Еске алғандай құдыретін.
 — Өміріме болған серік,
 Екі ағамды қолдан беріп,
 Үйде отыру ылайық па?
 Табырлар ма, бәлкім көрген,
 Ең болмаса іздеп елден,

Бір аралап сұрайық та,
 «Бауырымдап» жыларан соң,
 Көп қыйылып сұраған соң,
 Таянышы балапаны,
 Екі бетін жуып жасы,
 Сөгіледі қабырғасы,
 Мейірімді-ау ата жапы.
 Берді рұхсат тағы да ата,
 Ақ ниетті берді бата:
 — Жолың болсын, балапаным!
 Бата алды да, кетті шығып,
 Неше күндер жолда жүріп,
 Іздемекке ағаларын.
 Асты белден өтті көлден,
 Сұрау салды жолдағы елден,
 Жөнін білген таппады адам.
 Тұйық, меңреу толған аңға,
 Қарағайлы қара орманға
 Жетті Хасен кешке таман.
 Бәйтөбеттер салды «кәу-кәу»,
 Шықты үйден баяғы дәу,
 Шошынарлық тіпті сыйқы.
 Көрген адам түршігетін,
 Түк басыпты екі бетін,
 Бейне албасты ұйқы-тұйқы.
 ...Сары алтындар шелектеген
 Шығып жатты шелекпенен,
 (Белгілі ғой бітпес сауда).
 Жүз шелекке толғанында,
 Жүз бір шелек болғанында,
 Бау түспеді енді сырттап.
 Талайлардың басып жалмап,
 Талайларды сорып алдап,
 Сұрқыл дәу солай құртқан.
 Айналасы қапас, зындан,
 Екі тарау қарсы алдынан
 Жол шығады көлденеңдеп.
 Торға түскен сорлы бейбақ.




Тұрды қарап, біраз ойлай,
 Бірінде-аштық, бірінде-өлмек.
 — Аштық, азап көргенімше,
 Аштан семіп өлгенімше,
 Тура өлімге барайын деп,
 Амал қанша; көріп түрін,
 Сұм ажалдың әзірсілін,
 Өзім күтіп алайын деп,
 Өлім келсе аламын деп,
 Қолқаңа қол саламын деп,
 Тағдырымды алам күтіп,
 Дедіағы белді байлап,
 Қарсы алдында жатқан сайрап,
 Өлім жолмен кетті жүріп.
 Ойлағандай әлде несі,
 Қадам басып жүрсе ілгері,
 От көрінді жылтыраған.
 Жақындап ед отқа таман,
 Тас үстінде отыр адам,
 Өлі кеткен, қалжыраған;
 — Шықпаған жан, қалды сүлде,
 Мен де отырмын қара үңгірде,
 Жүрсің қайдан айтшы, балам?
 — Мен бір сорлы күші қаран,
 Жылдан асты, әлі екі ағам.
 Хабар-шар болмай кетті,
 Соларды іздеп шықтым үйден,
 Бауырлардың күйігінен,
 Тағдыр шіркін тентіретті.
 Жүре—жүре сол себептен,
 Қара орманға келіп жеттім,
 Бір дәу шықты қарсы алдыман.
 Еңбек етіп жалдануға,
 Алтын алып мал табуға
 Түскенім бір шыңырау зындан.
 — Біз де солай алданғамыз
 Сары алтынға жалданғамыз,
 Қалдық, міне, мәңгі зарлап,
 Аштықтан да оңай көріп,
 (Әлде неге бұлдыр сеніп.)
 Өлім жолын алдық таңдап.
 Мынау тауды тесіп өтсек,
 Көлденеңнен кесіп өтсек,
 Елімізге жетеміз біз.
 Бір күн болмай көрген азап,
 Ұмытылып зындан, тозақ,
 Өлімнен де өтеміз біз.
 Таудан өтсек алдымыздан
 Жер жиһанға бахыт сызғай
 Кездеседі екі батыр;
 Алтын таңның дұспанына-
 Дәуге, өлімге, мыстанына
 Түсіреді заман ақыр.
 Отырмалық текке налыш,
 Сал күшіңді қайраттаныш,
 Міне қайла, ал қолыңа.



Тауды жарып, тас қонарып,
 Алдымызда шыққан жарық
 Шығамыз біз таң жолына.
 Қарттың сөзін тыңдап сонда,
 Өткір қайла алды қолға,
 Пәрмені мен шапты тасты,
 Қуанды ма әлде неге?
 Тасты жігер, қызды дене,
 Қайратына күш ұласты.
 Бір тізелен шапты кейде,
 Шалқасынан жатты кейде,
 Қайламенен тауды тесті.
 Кейде отырып демін алып,
 Кейде қазып, жер қонарып,
 От ұшқындан, тасты кесті.
 Тауды тесіп өтті Хасен,
 Бір мезгілде жетті Хасен
 Кең жазира саҳараға.
 Айдың көлі шалқып жатқан,
 Бұлақ аққан, сылдыр қаққан,
 Қызу думан саҳарада.
 Ападайдап көзі шалды,
 Мұнарланған екі тауды.
 Сілкініп тұр әлде неге?
 Бірде жылжып, бірде төніп,
 Бұйра бұлттар өркештеніп,
 Қалықтайды тас төбеде.
 Жаңғырығып дабылдаған,
 От ұшқындан жалындаған,
 Тау сілкініп соққан сайын.
 Бетін түзеп тауға таман,
 Хасен тағы басты қадам,
 — Білейін!—деп — мұның жайын.
 Қарсы алдынан ападайдап,

Келді дағы бір қарт адам,
 Деді: «Балам, берірек кел!
 Ауыр бейнет жолың кешкен,
 Азап шегіп тауды тескен,
 Сендей ұлды күтеді ел!
 Анау таудың сілкінгенін,
 (Көресің бе емес тегін?..)»
 Нелер қызық онда жатыр.
 Бір-біріне соғып тауды,
 Қарсы алұға аұлым жауды
 Дайындалған екі батыр.
 Бір батырдың аты — Алмас,
 Беті қайтпас, күші талмас,
 Екіншісі батыр Болат.
 Жалмауыздар жесдетінен,
 Жауды жойып жер бетінен
 Жібермекке күшін сынап.
 Екі батыр жорық тартып,
 Қару теңдеп, құрал артып,
 Ұзақ сапар шыққан жолға.
 Жетім — жесір, мұңдылардың,
 Шерін шешіп, қайғы зардың,
 Еркіндікті бермек қолға.
 Обыр, дажал, мыстандарды,
 Қанды шелек қатал дәуді,
 Көзін ойып, дарға аспақ,
 Еркіндіктің, игіліктің,
 Басын қосып игі жұрттың
 Жер жаһанға нұрын шашпақ,
 — Құртпақ болған зұлым жауды,
 Көрер ме екем батырларды,



Жолдас қылыш аялар ма екен?
 Сокқан дауыл, қар менен мұз,
 Жолы тайғақ, шыңырау, құз
 Енді таудан қалай өтем?
 — Асықпа ұлым, тағы да олар,
 Пәрмені мен тауды соғар,
 Кең дүние жолын ашып,
 Жәйін білер, сәлем берер,
 Екі батыр өзі келер,
 Барлық елмен амандасып!
 Соғылды тау, анылды жол,
 Тұлғасынан төгіліп нұр,
 Батырлар да келе жатты.
 Жыйылған көп ортаға алып,
 Бір де күліп, бір зарманып
 Бәрідағы мұңын шақты.
 Екі батыр тындап сонда,
 Жорық бастап шықты жолға,
 Жыйылған көп соңына еріп,
 Дабыл қағып ұран салып,

Құрал алып жалпы халық,
 Батырларға шықты сеніп.
 Босатып ап, тұтқын елді,
 Талқап қылыш үңгірлерді,
 Шықты халық ұран салып.
 Орақпенен жауды орып,
 Балғаменен тасты соғып,
 Нұрлы жұлдыз шыраққа алып.
 Асан, Үсен, тағы — тағы
 Азап көрген ел ұлдары,
 Еркіндікке жетті қолы.
 Қуанышы сыймай тасып,
 Ата — анамен құшақтасып,
 Мауқын басты, болды жолы.
 Гүлі жайнап ой мен қырдың,
 Туын тігіп жаңа өмірдің
 Ел масайрап шаттанды бір.
 Тыңда, шырақ, бүгін таңда,
 Сіздерменен отырғанда,
 Аяқталды ертегі жыр.



ШИНЕЛЬ ТУРАЛЫ ЖЫР

Ә. СҮЛЕЙМЕНОВ.

Жеңімпаз ер, жауынгер,
 Командир, қызыл офицер
 Киген шинель туралы
 Жыр оқып көр, пионер.
 Жақсы болса, атана,
 Әжеңе сен оқып бер.

Қаптал шапан, ауыр топ —
 Салсаң ойлап ақылға —
 Жеңіл, жылы әдемі
 Сұр шинельге татырма?
 Арнап тіккен әдейі
 Жауынгерге батырға,
 Құрыш көбе, көк сауыт
 Шинель жаңа ғасырда.
 Ер айбынын арттырған
 Әруақытта сұр шинель,
 Бостандықшы батырда
 Кім кимеген бұл шинель!?
 Генерал да, солдат та
 Күтіп киіп жүр шинель.
 Ұлы Сталин көсем де
 Киіп әне, тұр шинель.
 Жауынгерге жан серік

Шинель қанды жорықта,
 Бастан бірге кешірет,
 Жорықта не жолықса.
 Дүлей дауыл сокса да,
 Жел өтпеген бұл шинель.
 Көктен көк мұз жауса да,
 Елетпеген бұл шинель.

Жауынгердің шинелі,
 Жатса, есеп төсекке,
 Жамылып та жатады,
 Жамбасына төсеп те.
 Төсегенде жұмсайды
 Балқып тас та, кесек те.
 Талай, талай оқ жұлып
 Тесілгенде бұл шинель.
 Жалын шалып етегі,
 Кесілгенде бұл шинель.
 Суға тиіп сығылып,
 Есілгенде бұл шинель.
 Сақтаған көп өлімнен,
 Кесірден де бұл шинель.
 Жай солдаттан генерал
 Өсіргенде бұл шинель.





Қ. БОРАМБАЕВ

Үстіміздегі жылдың март айы. Торыз жастағы Құрманбек Тұрғиязов Калинин атындағы колхоздың мектебінің II-класында оқып жүрген болатын. Бүгін сабақ артынан мұғалім Москвадағы «Дружные ребята» журналы жанынан жас аңшылардың жарысы ұйымдастырылғанын хабарлады.

Құрманбек бұл жөнінде көп ойланды. «Бұл жарысқа мен де қатысамын», деді өзіне-өзі. Сөйтіп Құрманбек жылқының қылынан мықты тұзақ істеді, үйдегі қақпанын майлап сұртті және кішіректеу бір күректі сайлап алды.


Ол тәжірибелі аңшылардай таң сәріден қақпандарын беліне байлап, тұзақтарын қарына іліп, күрегін иығына салып далаға шықты. Көп кешікпей-ақ жас аңшының көзіне ескі қораланың орнынан, жалпақ құмайт жерлерден шұңтыңдап жүрген саршұнақ тыпқандар түсе бастады. Құрманбекті көрген кейбір саршұнақ зып беріп ішіне кіріп кетті.

Құрманбек колхоз аңшыларының айтуынан саршұнақтың пайдасын да, зыянын да білетін. Пайдасы — саршұнақтардың терісінен киім істеуге, киімге жаға істеуге болады. Зыяны-егіс маусымында бір саршұнақ 15 килограмм бидайды жең құртады.

Ал, осы саршұнақ Қызыл орда облысында тіпті көп. Бұл жақтың аңшылары, көбінесе, саршұнақтарды аулайды. Құрманбек бұрын аңшылармен бірге талай рет саршұнақ аулауға шыққан. Сондықтан оған саршұнақ таныс аңның бірі еді. Ол зыр жүгіріп жүріп тұзақтары, қақпандарын кұрды. Іннің аузына бидай төкті.

Құрманбек неде болса, алғашқы күні кұр қол қайтпайын деп, қасындағы саршұнақ кіріп кеткен бір інді қаза бастады. Орталап қазып келгенде, саршұнақ жылп етіп шыға келді. Сол кезде Құрманбек тұмсықтан күрекпен пері қалды. Осы әдіспен ол күні бірнеше саршұнақты ұрып жықты. Кеш қарая қақпандары мен тұзақтарын аралады. Не бары 22 саршұнақ түсіп қалған екен, оларды тегіс жыйнап алып үйіне қайтты.

Бұдан соң ол күніне аң аулайтын жеріне бірнеше рет келіп-кетіп жүретін болды. Әресе, кешке таман ін қазу, інге су құю әдісін ол көп қолданды. Ол күн сайын орта есеппен жыйырма шақты саршұнақ алып қайтып отырды. Сөйтіп бір айдың ішінде 487 саршұнақ ұстап тапсырды. Қазір Құрманбек жас аңшылар бәйгісіне ұсынылып отыр.



МЕКТЕП АЛАҢЫ

Б. МАКАРЕНКО

Балалар мектепте оқып жүрген шағында денешынықтыру (физкультура) сабағын және спорт алаңында жарысу, секіру, құлаш салыстыру, бөгеттерден өту, арқанмен жоғары көтерілу, қыс күні шаңғы тебу сыяқты ойындарды, жаттығуларды өтеді. Бұл ойындар мектеп алаңының түрлі құралдармен толық жабдықталуын керек етеді. Сонда ғана денешынықтыру ойындары дұрыс мағнасында өткізіледі.

Барлық мектептің жанында міндетті түрде мектеп алаңы болуы тиіс. Ол мектептің салынған жеріне, аумағына балалардың тілегіне сай жасалуы керек. Мына суреттегідей болса, ол ережеге дұрыс сүйене отырып жасалған алаң болып саналады.

Бұл суреттің ортасында футбол ойнайтын алаң бар. Оның ұзыны — 75, көлденеңі—35 метр. Бұл алаңда аяқ алыс (строевая подготовка), гранат лақтыру ойының да өтуге болады. Футбол алаңының айналасында 250 метрдей жарысатын жол болады.


Алаңның бір жағында жүгіретін қысқа жол болу керек. Ал, екінші жағында түрлі бөгеттер жасалады. Алаңның көлденең қабырғасы жағында гранат лақтыруға арналған орын болады. Жарысатын жолдың сыртында доп (боле́йбол) қағысатын ұзыны—18, көлденеңі—9 метр алаң болады. Баскетбол ойнайтын орында осы жақта болады. Жарыс жолының қарама-қарсысында жүгіріп келе жатып секіретін тереңдігі 40-50 сантиметрдей ұзыны—6 метр, көлденеңі—3 метр ор қазылады. Секірген адамға хауіп-хатер кел-


тірмеу үшін ордың маңына құм яки ағаштың ұнтағын себу керек.

Мектеп алаңын жасағанда, мектептегі пионер ұйымы оқытушыға көмек көрсетеді. Ол алаңды пионерлер ұқыпты түрде ешбір кемтіксіз істеуі керек. Алаң тегіс жерге жасалады, оның бетін әбден тегістеп, тастар болса жыйнап, шұңқыр жерге топрақ төгіп, шөптерді жұлып тастау керек. Қай жер қандай ойындарға лайық, көлемі қанша болу керек, қандай жабдықтар орнатылады, осы жұмыстардың бәрін белгілі жетекшінің басшылығымен пионерлер атқаруы тиіс.

Секіру үшін ор қазылғанда, бөгеттер жасау үшін окоптар қазылғанда, олардан шыққан топрақты оқушылар алаңының маңынан алыс жерге тасып төгуі керек.

Доп қағу, доп тебу, баскетбол, гимнастика ойындары үшін жерге бағаналар орнатқанда, ауыр ағашты, темірді жерге қадағанда, балаларға ересек адамдардың көмегі керек болады. Алда-жалда орнатып жатқанда ағаш яки темір құлап кетсе, балалардың жазым болуы ғажап емес. Әрбір ойынға арналып бөлінген жерге белгі қойылады. Олардың шекарасынан бормен немесе басқа бір анық көрінетін затпен сызық жүргізу керек. Бұл үшін жерге шамалап су төгіп, сонан соң бор жасайтын бояуға желім қосып сызуға болады. Осы айтылған істер түгел істелсе, мектеп алаңының жасалып біткені. Мінекей, бұл жұмыстардың көбін пионерлердің өздері істейді. Сондықтан олар өздерінің мектеп алаңын мақтаныш етеді.





Сталинград Еділ өзенінің бойына бұдан 300 жылдар бұрын салынған қала. Совет үкметі жылдары Сталинград еліміздің үлкен өндіріс орталықтарының біріне айналды. Советтер Одағындағы Дзержинский атындағы тұңғыш трактор заводы осы Сталинградта, өзен кеме құрылысының ірі верфі, сапалы металл алыбы «Красный октябрь» заводы да осында. Бүкіл-одақтық маңызы бар ағаш кесетін, машина құрылысы, ұн тартатын жаңадан кәсіп орындары салынды. Жоғары дәрежелі 5 мектеп, 21 техни-

кум, 2 ғылыми-зерттеу институты, 3 театр, «Царицынді қорғау» музейі болды.


Сталинград екі үлкен соғысты басынан кешірді, екі үлкен хаушкә ұшырады. Екеуінде де Сталин жолдас қаланы азат етті. Сондықтан бұл тарихи қала Сталин жолдастың атымен аталып, Сталинград деген атқа ие болды.

Мамаев қорғаны қаладағы ең биік жер. Соғыс кезінде осы Мамаев қорғанда күшті ұрыстар болды. Қала қолдан-қолға бірнеше рет көшті. 1943 жылы 26 январьда Қызыл Армия шабуыл бастаған кезде екі жақтан шабуыл жасап келе жатқан Советтер Одағының Батыры Рокоссовский мен генерал Чуйковтың әскерлері осы қорғанда түйісті.


Соғыс кезінде неміс-фашист басқыншылары қаланы жермен жексен етіп талқандады. Бұрынғы зәулім үй, алып құрылыстар, үлкен өндірістердің орнына үйілген топырақ, аңрайған есік-терезе қалды.

Қазір Сталинградты қайта құру, бұрынғысынап да сәулетті, көрікті қалаға айналдыруға бүкіл еліміз ат салысуда. Архангельскийдеп ағаш, Оралдан шеге, Новосибирскіден цемент, Армениядан мрамр тағысын-тағылар Сталинград құрылысшыларына ағылып келіп жатады.

Енді 10 жыл өтсін. 10 жылдың ішінде Сталинград Советтер Одағындағы үлкен, әдемі



Сталинградта осындай пәтер үйлер салынады.



Сталинград батыр.



қалалардың бірі болады. Сталинград Еділ жағасына салынбақ. Қаланың терістігінен оңтүстігіне қарай жаяу жүрген адам екі күн жүрмек. Еділ бойымен қаланың ұзыны 50 километр болады. Бұл өзге қалаларда бола бермейтін ерекше жағдай.

Мамеав қорғанынап Еділге дейін созылған мәдениет және демалыс паркі қалалық стадионға келіп жалғасады. Қалаға неше түрлі ағаштар егіліп, көк майсаға бөленеді. Қаланың әрбір 2 кварталына бір мектеп болады. Мектеп үйлері үлкен терезелі, әрі әдемі, әрі жарық болмақ. Мектеп қорасының ішіндегі су бассейніне балалар суға шомылып, рахаттанады. Үш-төрт қатарлы сәулетті үйлер неше түрлі ағаштарға, гүлдерге бөленбек.


Бұлардың көпшілігі осы бесжылдықта салынбақ. Бесжылдықтың аяғында қаладағы барлық фабрика-завод жұмыс істейтін болады. Оя мыңпәтер үйлер, 50 мектеп, ондаған аурухана, емхана, 10 кино-театр үйі салынады.

Өзеннің дәл ортасындағы құм аралдың үстінде Сталинград батырларының ескерткіші орнатылады. Мұның биіктігі 140 метр. Басында бес бұрышты жұлдыз болады. Қаланың қай жағымен келсеңіздерде бұл ескерткіш қыядан көрініп тұрады.


Адам баласын жалыны шаршыған сұранып соғыстың тағдыры осы Сталинградта шешіледі.



Неміс басқыншылары бас көтерместей талқандалды. Бүкіл адам баласын фашистік құлдықтап күтқарған Қызыл Армия жеңіс сәулесін әлемге жарқыратты. Сондықтан да бүкіл дүние жүзінің халықтары Сталинградқа ескерткіш жасауға ұмтылады. Жақсы ескерткіштерге бәйге жарияланғанда тек Советтер Одағының барлық түкпірінен емес, пәт мемлекеттерден де-Чехословакиядан, Қытайдан, Мароккодан тағы басқа елдерден де ұсыныстар-жобалар келді.



Жаңа Сталинградтың мектептерінің бірі.





ШАКІРТ

ҚЫЗ

—Отаным бар алтын бесік,
Әлдилеген тербетіп,
Еш қайғысыз күлім қағып,
Өсіп келем ержетіп.



Нәмет СҮЛЕЙМЕНОВ

Айзада қыз жайнай түсіп,
Қара көзін төңкеріп.
Қуаныштың кұшағында,
Бақшада жүр гүл теріп.



Бір топ гүлді орамалға,
Орап алды саралап.
Тербетіле әнге басты,
Ағаш ішін аралап.

Қолымдағы гүл секілді,
Мен де заман гүлімін.
Мектептегі білім алған,
Сансыз жастың бірімін.



Мен кіргенде мектебімнің
Есігінен гүл жайнап,
Ұлы көсем дейді маған:
«Жаса, қалқам, мұрат тап!»

Деп әндетіп шәкірт қыз
Гүлге орап тамағын,
Кетті аралап бақша ішін
Дайындауға сабағын.





ПИОНЕР ДЕП КІМДІ АЙТАДЫ

Алғашқы пионерлер

Сендерді неліктен жас пионер деп атайтынын білесіңдер ме? Бұл сөз қайдан шыққан?

«Пионер» — дәл мағнасында бірінші, тұңғыш, алдыңғы қатарлы деген сөз. Пионерлер деп жаңадан жол тапқан, басқаларға үлгі болған адамдарды айтады.

Ерте заманда Францияда тек мылтықпен ғана емес, күрекпен, балтамен қаруланған, жол түзетіп, көпір орнатып, бекініс жасап әскердің алдында жүріп отыратын, кейде жауға бірінші болып соқтығатын солдаттарды «пионерлер» деп атаған.

Соңынан барлық елде сондай солдаттарды пионерлер—деп атап кеткен. Қазір бізде олар—саперлар делінеді.

Одан кейін Еуропаның Солтүстік Америкаға тұңғыш қоныс аударған адамдарын да пионерлер деп атайтын болған. Өйткені олар бұрын адам баласы баспаған мөңіреу табиғатты өздеріне бағындырды. Олардың қайсар жігерінің бетін еш бір қиыншылық, ауыр азап қайтара алмады. Солар салған жол арқылы Америкаға жаппай қоныс аудару басталды.

Пионерлер елі

Алексей Максимович Горький Советтер Одағының жас пионерлеріне жазған бір хатында пионерлер туралы былай дейді:

«Жаңадан ашылған жерге жаңалықтың ұрығын еккен адамдарды пионерлер деп атаған. Ғылымның талай-талай атақты өкілдері де пи-





Пионер сабақты жақсы оқыйды. Ол оқытушылардың тапсырмасын екі етпей, ықыласпен орындап отырады, әрқашан өзінің білімін арттыруға тырысады. Кітап-пионердің ең жақын досы.

Пионер еңбек сүйгіш. Ол пайдалы қоғам жұмысында белсене қатысып отырады, үй шаруасында туған-туысқандарына жәрдемдеседі. Пионер жұмыстың қандайынан болсын жиренбейді, өйткені еңбек ету—Отан игілігі үшін ардақты іс.

Пионер Лениншіл жас деген ардақты атаққа дақ түсірмей, көзінің қарашығындай сактайды. Пионер оқуда, еңбекте әрі табанды, әрі тәртіпті. Ол дружина мен отрядтың тапсырмасын бұлжытпай ыждаһатты түрде орындап отырады, бастаған ісін аяқтамайтынбайды, қыйыншылықтан жасқанбайды. Пионер әрі мәдениетті, әрі кішіпейіл, сол үлкенді сыйлауды борышым деп санайды.

Пионер—кішкентай балалардың досы. Ол ешкімге ұрыспайды, темекі тартпайды әрқашан үсті-басын таза ұстайды.

Пионер—өтірік айтпайды. Ол екі сөйлемейді, айтқанынан қайтпайды. Ол жолдасының кемшілігін, жатымсыз қылығын жасырмайды, тура бетіне айтады.

нерлер деп аталады. Айтайық: Луи Пастер—бактериология ғылымының негізін салушы ғалым, Кюри—радий элементін тапқан оқымысты әйел, профессор Токучаев—орыс жерінің топырағын зерттеп, сол арқылы геохимия деп аталатын жаңа ғылымға жол ашқан адам».

Сондай-ақ Солтүстік полюс арқылы Америкаға жол салған Чкалов, Байдуков, Беляков секілді ұшқыштарымызды да, құрғақшылықтан қорықпайтын бидай, аяздан қорықпайтын алма ағаштар және басқа да өсімдіктердің жаңа түрлерін тапқан Мичурин, Лысенко секілді оқымыстыларымызды да пионерлер деп атаймыз. Алексей Стаханов және басқа алғашқы стахановшылар да еңбек өнімін арттырудың жаңа жолын тапқан пионерлер болып саналады.

Біз бүкіл елімізді пионерлер елі деп атауымызға болады. Өйткені адам баласының тарихында біздің халқымыз тұңғыш социалистік мемлекет құрып, ғылыми коммунизмге ең алғаш қадам басып отыр.

Жас пионерлер

Владимир Ильич Ленин атындағы жас пионерлердің коммунистік балалар ұйымы Советтер Одағы балаларының көпшілік ұйымы болып табылады.

Алғашқы пионер отрядтары 1922 жылы Москва қаласында ұйымдасқан.

Бір күні кешке жақын бірнеше комсомолецтер Сокольникидағы (Москваның бір ауданы) Пантелеев көшесіне келіп, онда тұратын жұмысшылардың бір топ балаларын жыйын алды. Олар балаларға түрлі қызық ойындар үйретті, пионер жайында әңгіме айтып берді. Жас пионерлердің тұңғыш отряды сол кеште ұйымдасты. Пантелеев көшесінің балалары сол кеште коммунистік балалар қоғамына, жас пионерлердің тұңғыш отрядына кірді.

Оларды жазып алып жатқан комсомолец:

— Әр қашан, қайда болса да алдыңғы қатарда болыңдар! Мектепте, көшеде, үйде басқа балаларға үлгі болыңдар! Ержүректі, қайтпас батыл болып өсіңдер! Сендер—комсомолға, комсомол-партияға жеткіншек, сенімді көмекші екенің ұмытпаңдар! Жұмысшы табының ісі үшін әр қашан дайын болыңдар!—деген еді.

Сонда балалар, мойындарына қызыл галстукті тағып жатып, бір ауыздан: —Әрқашанда дайынбыз! — деп жауап берген.

Екі жылдан кейін 1924 жылы май айында Москваның көшесінде қызыл галстук байлаған балалар тобы кетті. Жас пионерлердің отрядтары сан түзеіп, музыка ойнап, Қызыл алаңға келді. Олардың қатарың сонда Сталин жолдас аралап шықты.

Бұл күндері Москвада біздің большевиктік партиямыздың XIII—съезі өтіп жатыр еді. Бұл съез Владимир Ильич Ленин қайтыс болғаннан кейінгі жерде өткен бірінші съез болатын. Пионерлер Қызыл алаңға Ильичтің табыты басында тұрып, оның өсиеттерін адал орындаймыз, деп партия съезіне ант бергені келген еді.


Сол жылы 23 май күні комсомолдың Орталық Комитетінің пленумы пионер ұйымына Владимир Ильич Лениннің атын берді.

Ардақты атақ

«Пионер» деген сөздің не болып келген мағнасы да, қазіргі беретін мағнасы да—жаңалыққа ұмтылған, басқа біреулерге жаңа сол салып беріп отыратын адамдар.

Жас пионерлер әр қашан еліміздің жақсы адамдарынан Қызыл Армияның батырларынан, біздің ұшқыштарымыздан, стахановшыларымыздан, оқымыстыларымыздан, алдыңғы қатарлы адам баласының көсемдері ұлы пионерлер—Ленин, Сталин жолдастардан үлгі алып отырулары керек.

ШЫЛ



Д. ӘЛІМЖАНОВ

Суретін жасаған В. Лебедев.

Шыйырлап үймелейтін бұта-талды,
Бір кұс бар шыл дейтұғын бауырмалды
Тұзақ кұрып, астына қына шашса,
Ескермей жерге келер ол ажалды.
Тұзаққа бірі түссе, айырам деп,

Береді біреуі үшін бәрі жанды.
Қолға, басқа, тұрмысқа үйренбейтін,
Ел сүймес, кұс ішінде ондай паңды.
Ауыз жарып жейтұғын еті де жоқ,
Қу сүйек, тақыр тері, қалақ санды.



ӘЛИХАН

Суретін жасаған А. Воеводин

Ушады қарға,
қарқ, қарқ!
Қонады талға,
қарқ, қарқ!
Дамыл тапнайды,
қарқ, қарқ!
Ауыз жапшайды,
қарқ, қарқ!
Кұмартып жемге,
қарқ, қарқ!
Қарайды жерге,
қарқ, қарқ!

Күдер үзбейді,
қарқ, қарқ!
Түйір іздейді,
қарқ, қарқ!
Тамақ табылып,
қарқ, қарқ!
Қалар жабылып,
қарқ, қарқ!
Күн батқанша,
қарқ, қарқ!
Ел жатқанша,
қарқ, қарқ!

Жолшыбай Күзетар



М. ЗВЕРЕВ

Партизандар жолдың үстіне шығып, қолдарындағы қаптарының аузын шешті. Қаптарында ақ қаздар мен әтештер бар еді. Жалма-жан бір қаз бен бір әтешті сыйрақтарынан ағаштың түбіне байлады да, қалғандарын байлаулы күстардан алыстап кетпесін деп қапаттарынан матастырып жіберді.


Ақ қаздардың көк шөптің арасында жайылып бара жатқаны сонадайдан-ақ көрініп тұрды. Әтештер де өздерінің белгілі дағдысы бойынша ку-ку-ре-кулерін тынбай шақырып жүр.

Партизандар қолдарына автомат алып, ағаш түбіне жасырынған еді. Осы жолмен өтіп бара жатқан неміс офицерлері мен солдаттары әтештің шақырған дауысын естіп, оттап жүрген қазды көріп, машинамен солай қарай тартты. Машина күмп етіп құмға түсіп кетті. Сол кезде үш автомат тыр-тыр етіп бораран қардай оқ жаудырды. Сөйтіп партизандар жауды қырып, қаз бен әтештерін қаптарына салып штабқа қару-жарағын жыйнап алып, машинаны өртеп, қайтты.

Партизандар өлген неміс офицерінің қалтасынан құпия пакет тауып алған еді. Оны штабқа әкеліп ашқанда, ол пакеттің біздің әскери бөлімдеріміз үшін ерекше маңызы бар екенін түсінді. Бұл хабарды өзеннің арғы жағындағы өзіміздің әскерлерге жеткізу үшін екі партизан ағаш арасындағы жалғыз аяқ жолмен майдан жаққа суыт жүріп кетті. Бірақ, өзеннің бұл жағасында неміс патрульдері, шалғыншылары қарақұрттай қайнаған көп еді. Күндіз келіп қайықпен өтіп кету, малтын өту мүмкіншілігі жоқ еді.

Алайда, пакетті кешіктірмей жеткізу керек болды. Осы өзеннің қасында бір кезде балықшылар деревнясы тұратын, Бірақ оны немістер өртеп жіберген еді. Осы деревняда партизандардың сақтаулы қоймасы бар болатын. Осы қоймада олардың асыранды көк ала үйрегі бар еді. Бұл үйректің балапандары қызыл әскерлер тұрған деревняда қалған. Партизандар күндіз үйректі хабаршыға пайдаланады да, түнде қайта алып келетін еді. Сонымен пакетті клеенкаға орап, осы үйректің қанатының астына байлады. Өйткені құстың жүнінің арасына су кірмейді.

Жолшыбай үйрек әлсін-әлсін тоқтай берді. Бұған партизандар сабырсыздана бастады. Өйтеуір қоңыз ұстап жеп, балдырғанды жұла отырып, үйрек жағаға жетті. Жағаға жетіп үйрек ұзақ уақыт су ішіп тұрды. Үйректің бұл қылығы партизандардың денесіне индей қадалды. Ақыры үйрек суға тойып алды да, балапандары қалған жағаға қарай дыр етіп ұша жөнелді. Бұл кезде неміс шалғыншылары жағада ерсілік қарсылы кезіп жүр еді. Олар өзеннің бойын күзетіп жүрген еді. Совет әскерлері құпия сырымызды біліп алып, сазайымызды берер деп немістердің зәресі ұшуда еді. Сондықтан өзен арқылы ешқандай қатынас болдырмауға тырысатын. Алайда немістер бастарынан біздің жауынгер құстың ұшып өткенін сезген жоқ. Он минуттың ішінде пакет біздің жауынгерлеріміздің қолына тиді. Бұл пакетте немістер күн батысымен шабуыл жасамақ екен, ойлағандары орынынан шықпады. Бұл түні Қызыл Армия бөлімдері неміс фашистеріне лап қойып, ойран топырын шығарды. Сөйтіп жау есебінен мықтап жаңылды.




ЖЕР БЕТІНДЕГІ ӨМІР ТУРАЛЫ

Л. ЯКОВЛЕВА

Қайда болса да өмір бар. Қала ішінде сіз күні бойы неше түрлі дыбыстарды естисіз. Трамвайдың дүбірі, автомобиль мен самолеттің гүрілдеген дауысы, заводтар мен фабрикалардың үні, радиодан берілген ән-күй, балалардың қоңыраудай сылдыраған күлкісі естіледі. Міне, бұл-өмір. Жарқыраған күн кең даланы, бақтар мен ормандарды нұрға бөлеп тұр, қырды қаптап мал жайылып жүр, неше түрлі құстар сайрайды. Міне бұл да өмір.

Тынық мұхитта тереңдігі 11 километрге жететін жерлер бар екені табылды. Күннің сәулесі суға 500 метр бойлап қа-



на кіре алады, ал мұхиттың онан төменгі жағы мәңгі қара түнек және үнсіз меңреу. Солай бола тұрса да, ол жерде де өмір бар. Тамақтанып, ұрық шашып көбейетін неше алуан мақұлықтар бар. Осындай судың терең түбінен пішіні балыққа аздап ұқсайтын жәндіктер, теңіз өрмекшілері, неше түрлі бақа-шаяндар табылған. Әрине, теңіздің терең түбінде олардың өмір сүруі қиын-ақ, дегенмен сол жағдайға лайықталып, сол жерге бейімделіп өмір сүрген сан алуан жәндіктер, ерекше мақұлықтар бар. Олардың өмірі сол жерде.

Күні шыжып қайнап тұрған, қаныраған шөл далада да түрлі жәндіктердің ізін кездестіреміз. Құмның үстінде бір жерде кесірткенің, бір жерде жыланның ізі жатады. Мұндай құла дүзде сол жердің жағдайына бейімделген жәндіктер жасап, өсімдіктер өседі. Жердің жағдайына ыңғайлану дегеннен шығады-ау, мұндай шөлге түйе тым төзімді. Ол өз тіршілігіне керекті артық майды өркешіне жыйнап алады. Міне сондықтан түйе шөлге жүруге тым төзгіш. Оның бүкіл




дене құрылысы соған бейімделген. Оның қарны, ішегі қалың мықты болады. Ол тікенекті, жантақты жесе де бойына оңай сіңіреді.

Тағы бір таңданарлық құбылыс-құла дүзде өсетін сексеуілдің өмір сүруі. Сұрғылткөк сексеуіл жапырақсыз жүздеген жыл бойы өседі. Оның сояуының тұлғасында қаптаған жасыл бүршіктер бар. Жапырақтың қызметін атқаратын осы бүршіктер. Сексеуіл жапан далада, сусыз шөлде өсуге бейімделген ерекше бір өсімдік.

Жер астында үңгірлер, жолдар, көлдер және өзендер болады. Солардың ішінен де жәндіктер табылған. Бірақ, олардың барлығының көздері жоқ—соқыр. Солтүстік Америкада 40 тан аса түрлі мақұлықтар табылған. Бірақ олардың ешқайсысының көзі жоқ. Өйткені олар өмір сүретін қара түнек дүниеде көздің хажеті де жоқ.


Биік таулардың үстінде, қиырдағы полярлық аймақтарда қардың үсті, кей жерлерде қан тамған сыяқты қып-қызыл болады. Сол жерлерде тарыдай ұсақ қып-



қызыл бір домалақ заттар жатады. Бұл сол қар үстінде өмір сүретін су шылауының бір түрі. Егер ауа райы жұмсарып, қардың беті ери бастаса, әлгі кішкентай қызыл шарлар көбейеді, жүзеді, тамақта-

пайды, өседі. Бір сөзбен айтқанда өмір сүреді. Міне, бұл қар үстіндегі өмір.

Папаниншілер көшпелі мұз үстінде жүргенде, өздерінің күнделік дәптеріне былай деп жазған: «...Біз тұрған мұздың үстіндегі қар қызғылт, демек бұл жерде шылаулар пайда бола бастаған... үш аю келді, аюлардан басқа біз шағаланы көрдік... Мұздың жарылған жеріне келгенімізде судан басы қылтйып шығып тұрған бір нәрсені көрдік. Бұл—теңіз қояны екен. Біз таңқалдық, 88-ші параллелде де осындай жәндіктер өмір сүреді екен-ау! 1000 метр тереңдікке ау түсірдік. Ауызымызға неше түрлі көптеген жәндіктер ілікті... Солтүстік полюс ауданында мұз дүниесінің



ішінде, көшпелі мұздар үстінде де жәндіктер мен өсімдіктер бар болып шықты»... Қайда болса да өмір бар.

Якуттың автономиялық республикасында 70 градусқа жететін қатты аяздар болады. Құстар ұшып бара жатып, үсіп, құлап түседі. Жер 200 метр тереңдікке дейін мұз болып қатып қалады. Жазды күні жердің тек 50-100 сантиметрдей ғана беті жіпсиді. Алайда бұл жерлерде қарағай, арша, қайың сыяқты ағаштар өседі. Бұлар қыстың аязы қанша қатты болса да оған төтеп береді.

Ауада да өмір бар. Ұша алатын жәндіктерді еске алыңдаршы. Құс, шыбыншіркей, тіпті балық та ұшады. Судан шығып, оның үстіменен бірнеше метр жер ұшып, суға қайта түсетін балықтар болады. Ондай балықтар көбінесе өздерінің жауынан, жайындардан қорыққанда су бетіне шығып, ұшып қашып кұтылады.

Қарап тұрсаң, жер бетінің барлық түкпірінде де өмір бар. Бұл жоғарыда айтылған көзге көрінбейтін жәндіктер, өсімдіктер, неше түрлі мақұлдықтардан басқа көзге көрінбейтін ұсақ күрттар-микровтар бар. Оларды тек микроскоп ар-

қылы ғана көруге болады. Жер бетінен 10-15 километр жоғарыдағы ауаны алып тексергенде, неше түрлі бактериялар барлығы анықталған.

Дүние жүзіндегі тірі жәндіктер мен өсімдіктердің барлығы бірдей түгел айқындалып, есептеліп болған жоқ. Зоологтердің шамалауынша жер бетінде жәндіктердің біржарым миллиондай түрлері бар, ал ботаниктердің айтуынша өсімдіктердің түрлері миллионнан кем емес. Бұл, әрине, толық есеп деп айтуға болмайды.

Жер бетінде көзге көрінбейтін ұсақ жәндіктердің түрлері өте көп. Жуырда тіпті ең күшті деген микроскоппен де көруге болмайтын, варус дейтін бактериялардың барлығы анықталды. Осы сыяқты әлі зерттеліп болмаған, көзге көрінбейтін, біздің жұтқан ауамызбен бірге араласып жүрген неше түрлі бактериялар мен микровтар көп.

Жер бетінде өмір сүретін жәндіктер мен өсімдіктердің көзге көрінбейтін де, орасан үлкендері де бар. Осыдан бірнеше жыл бұрын бір алып кит өлтірген. Ол киттің ұзындығы 30 метр, салмағы 90 мың килограмма екен. Калифорния да, веллингтонни деген алып ағаш өседі. Мұндай ағаштың біреуінен бір поселок салуға болады. Бұл ағаштар 4-5 мың жыл өмір сүрген.

Жер бетінде өмір қалай пайда болды? Жердегі алғашқы жанды мақұлдық қашан және қалай пайда болды? Жердің өзі не? Міне осылар туралы бір-екі сөз айтып өтелік.





Біз басып жүрген жер, дүниенің тап орталығы емес, ол тек өзінен миллион есе үлкен күннің төңірегінде айналып жүрген, басқалармен салыстырғанда шағындау ғана бір шар. Біздің күніміздің өзі түнде көрінетін сансыз көп жұлдыздардың бірі. Бұдан үш миллиард жыл шамасы бұрын күн өзіндей басқа бір жұлдызбен соқтығысып, күннен бір топ жалынды бу шашау шыққан. Соның бір тамшысынан біздің жер пайда болған. Бірақ ол кезде жердің түрі, тұлғасы қазіргідей емес еді. Жер ол кезде бірнеше мың градус ыстықта балқып тұрған бір газ болған. Ал енді күннің де, жердің де төңірегі ол кезде де, дәл қазіргідей салқын, ашық алаң болған. Сол салқынның әсерінен әлгі күннен бөлінген газ бірте-бірте салқындап суына бастаған. Әлде неше

миллион жылдар өткен соң жер қата бастайды. Неше түрлі химиялық қосындылар кұралады. Су пайда болады. Жылы суда неше түрлі химиялық заттардың ертіндісі жузе бастайды. Оттегі, су тегі, қышқыл, азот пайда болады. Осындай химиялық заттар араласып бір-біріне қосыла береді. Сонан соң барып тірі жанның негізі белок тәрізді заттар туады. Осындай қыйлы-қыйлы химиялық күрделі қосындылар нәтижесінен бірнеше жылдардан соң тірі нәрсе пайда болады. Олардың көбісі пайда болысымен көп ұзамай жойылып кетеді. Солардың ішіндегі кей біреулері не ғұрлым мықтырақ болып жаратылып, олар өзіне басқаларды қосып алып, төңірегінде жүзіп жүрген нәрселерді бойына тартып, соны азық етіп, тұрақтап қалады. Өмірдің арғы ата-сы міне осылар болады.

Басқаша айтқанда көптеген жәндіктер мен өсімдіктер әуелде жаратылса да, өмірі ұзақ болмай жойылып кетіп отырды. Ал бірсыпырасы барған сайын өсіп, ұлғайып, кемеліне келе берді. Сонымен қатар жер қыртысы да барған сайын қалыңдай түсіп отырды. Қазіргі жер қыртысы және оның бойында сақталған ерте замандағы жан-жануарлардың сүйектерін зерттеп отырсақ, олардың өсу, даму жолын сыпаттайтын тамаша материалдар табамыз. Ғалымдар зерттей отырып, қай кезде қандай жануардың болғанын, қандай жануар қалай өсіп жетілгенін, олардың дене құрылысы қалай өзгеріп отырғанын білуде. Ғылыми зерттеулер қандай жануардың болсын түрі, тұлғасы, сүйектерінің пішіні үнемі өзгеріп отырғандығын сыпаттайды.

Әуелде көзге көрінер-көрінбес болып жаратылып, сол бойы өспей қалған жәндіктерде бар. Сонымен қатар өсіп, ұлғайып, өздерінен басқа жан-жануарлар пайда болған жәндіктер де бар. Жануарлардың бір саласынан бертін келе адам пайда болған. Ал енді адамдар қоғам құрды, бірлесіп еңбек етті, тіл жасады, ой-пікір, ғылым, искусство, техника туғызды. Адам баласы ойлап тапқан өнерлер өмірді адамның ырқына қарай өзгерте алады.





Н. ЖҮКЕНОВ

«Қара таудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді,
Қарындастан айрылған жаман екен,
Екі көзден мөлтілеп жас келеді.

(халық өлеңінен).

Адам баласының өмірінде ұмытылмайтын тарихи оқиғалар көп кездеседі. Ондай оқиғалар жазба әдебиеті жоқ елдерде ертегі, жыр, әңгімелер болып ауызша ұрпақтан-ұрпаққа жеткен. Бұдан 223 жыл бұрын жонғар қалмақтарының қазақ даласына шабуыл жасап, қазақ елін күйзелткені қазақ халқының тарихында сондай ірі оқиғалардың қатарына жатады.

XVII-ғасырда қазақ еліне көршілес жонғар қалмақтарының күнті мемлекеті құрылды. Жонғар қалмақтары Алтай мен Тяньшанның Гобы шөлі мен Балқаш көлінің арасындағы жерлерге билік жүргізіп тұрды, күшейіп алғаннан кейін Балқаштың төңірегіндегі кең алқапты түгел қаратып алуға әрекет етті. Бірақ, олардың бұл жерлерді басып алуына көшпелі қазақтар қарсы тұрды. Сол жайылымдық жерлер үшін қазақтар мен жонғарлар арасында 150 жылға тарта созылған қатты соғыстар болды. Ол соғыстарды қазақ халқы өзінің тәуелсіз ел болу үшін жүргізді. Қазақ халқы бірнеше соғыстарда жонғар қалмақтарын қуып тастап отырды. Дегенмен қазақ халқы үшін жағдай барған сайын ауырлай берді.

1718-жылы Тәуке хан өлгеннен кейін қазақтар арасында ру таласы басталды, ол талас халықтың жауынгерлік күшін әлсіретті. Оның үстіне 1723 жылы құрғақшылық болып астық шықпай қалды. Қазақтың бірқатар аймақтары ашаршылыққа душар бола бастады. Осы жағдайды пайдаланып, жонғарлардың Цеван Рабдал деген ханы қазақ даласын жаулауға 20 мыңнан аса әскер жыйнады. Ол бұрынғы найза, садақ-

тарын тастатып, әскерлерін мылтық, зеңбіректермен қаруландырып, шабуылға кірісті. Қазақтар жонғарлардың ойламаған жерден жасаған шабуылына төтен бере алмай, Түркстан далаларына қарай қоныс аудара көшті. Басып алған қазақ ауылдарының халықтарын жонғар қалмақтары аямай қырып отырған. Ұлы жүздің Садыр деген ауылынан екі-ақ адам тірі қалған. Оның бірі жас бала, жау келіп қалғанда, шешесі ол баланы жатқызып, үстіне үлкен қазанды төңкеріп қойып, өзі көлдегі қамыс ішіне барып тығылған. Егерде қазақтар қоныс аудара көшпеген болса, қалмақтар түк қалдырмай қырып тастайтын еді деп халық осы уақытқа дейін аңыз етеді.

Қазақ халқы ауып көшкенде адам айтқысыз өте ауыр мекнаттарға, азаптарға душар болды. Табынды малдары, үйірлі жылқылары күн сайын азая берді. Аштықтан, жалаңаштықтан көптеген адамдар өліп қырылды. Жаяу жүргеннен табандары тесіліп көп адамдар далада қалған.

Қазақтар жаяу шұбан бір көлдің жағасына келіп, көлді айнала алқалай дем алып сұлап жатыпты. Сонда бір қария жастарды маңна жыйнап алып, сұлап жатқан халыққа қарал:

— Балалар, адам басынан кешкен жақсылықты қандай ұмытпаса, көрген жаманшылығын да сондай ұмытпас болар. Біздің бұл көрген бейнетімздің аты «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» болсын, — дейді, — Олай деп атайтын себебіміз табанымыз ақ жемденіп шұбырып келеміз, шаршағаннан тұра алмай көлді

алқалай сұлай жатырмыз, — деген. Сонан барып 1723 жылғы қазақ халқының басынан көшкен ол ауыр оқыйға «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» деп аталынып кеткен.

Қазақтар Қаратауға тақалғанда тосып жатқан жау бар ма деген хауіппен көштің алдынан шолып отырады. Бір күні қоныс шолуға шыққан азаматтар елге дем алдыратын орын тауып, өздері көштердің келуін күтеді. Қара таудың басынап шұбырған көш көрінеді, енесіне жүк артылып келе жатқан бір бос тайлак көш жанамалап боздап келе жатады. Тайлақтың боздаған даусы өте қайғылы болып шығады. Көшті күтіп отырған барлаушы батырлар тайлақтың даусын естіп, қалмақтар өлтірген қарындасын, жақынын, бауырларын, қалып бара жатқан ата қонысын еске түсіріп, ауыр күрсініп үнсіз тым-тырыс отырады. Сонда астында аты жоқ жаяу барлаушы болып жүрген бір жігіт былай деп өлең айтады:

«Қара таудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлак бос келеді,
Қарындастан айрылған жаман екен,
Екі көзден мөлтілдеп жас келеді.

Мына заман, қай заман, — қысқан заман,
Басымыздан бақ-дәулет ұшқан заман.
Шұбырғанда ізіңнен шаң борады,
Қаңтардағы қар жауған қыстан жаман.

Мына заман, қай заман, — бағы заман,
Баяғыдай болар ма тағы заман?

Қарындас пен қара орман қалғаннан соң,
Көздің жасын көл қылып ағызамын.

Қабырғама қара жер батты, құдай,
Мұнша қысым қылдың ғой, қатты құдай,
Жаяу жүрсем табаным ауырады,
Тым болмаса бермедің атты, құдай.

Мына заман, қай заман, қай-қай заман.
Ұл айырылған атадан дай-дай заман.
Бауырынап айрылған жаман екен,
Күң бар ма екен көрісер есен-аман?!».

Көп ұзамай-ақ бұл өлең «Қара таудың басынан көш келеді» деген атпен бүкіл қазақ халқына жайылады. Бұл өлеңді осы күнге дейін қазақтың кәрі, жасы тегіс біледі, өлең білмеймін дегендерге: «Қара таудың басынан көш келедіні де білмейсің бе.» дейді жұрт.

Кейін қазақтар өзара таластарын қойып, сары уайымнан серпіліп, бастарын қосып, ауыр бейнетке және бақытсыздыққа душар еткен қалмақтарға қарсы күреске аттанады. Бұл соңғы соғыстарда да қазақтар неше түрлі ерлік көрсетеді. Жаудың қамалын бұзады.

Қазақ халқының жонғар қалмақтарына қарсы бұл азаттық күрестеріне Аблай басшылық етті. Аблай үшжүздің басын біріктірді. Жонғар қалмақтарымен күрес бірнеше жылдарға созылды. Соңынан жонғар қалмақтары мен қытайдың арасында соғыс басталады. Қазақтар бұл жағдайды пайдаланып, жонғар қалмақтарын 1757 жылдары өз жерінен біржолата қуып шықты.



Ж а с е м е н

Д. ӘБІЛЕВ

Мен кеткенде соғысқа
Солқылдаған көк шыбық,
Шығар десем қып-қысқа,
Мәуелеп тұр бұлтты ұрып.

Жетпеді жайған кұшағым,
Жетіліп апты жас емен...
Күндетіп, көкті кұса ғып,
Күй шалқыды түбінен.





Ақылды бала

ЕРТЕГІ

Құлазыған шөлде, асуы қыйын белде, ат басын бұрып жат елге жол үстінде жалғыз жолаушы келе жатты. Ыстық соққан, ат қаққан жолаушы тоғыз жолдың торабына кез болды. Ат шалдырып, көздің шырымын алдырып аттануға бел байлап аттан түсіп, тарланын кісендеп отқа қойды. Өзі бір топ қу бұтаны көлеңкелеп тынығуға кірісті. Сол шақта көк сағымның қойнында көз ұшында екі қара көрінді. Шоқытып, желін төселген жолдың тозаңын аспанға шығарып екі жігіт лезде қарт жолаушының қасына келді де, сәлемдесіп, жөн сұрасып, аттарының демігін бастырып болғасын, жүруге әзірленді. «Балалар жолымыз бір екен, сендер маған, мен сендерге серік болайын» деп, қарт жолаушы тарланының айылын тартып, сапарға бетін түзеп көңілді жігіттермен қатар түзеп жүріп кетті.

Қарт жолаушы сөзге сараңдау болғасын, екі жігіт өзара кеңесуін тоқтатып, үнсіз былаң құйрықпен тарта берді. Олар талай белдерден, айдын шалқар көлдерден өтті. Бірақ өзара кеңесіп сөйлеспеді. Бір уақытта қарт жолаушы: —Балалар, барар жеріміз әлі қашық, жол қысқартыңдар, — деді.

Екі жігіт біріне-бірі жымия қарап, «Жол қысқарты қалай?» дегендей пішінмен таңданысты да қойды, жауап қайырмады.

Күн еңкейіп екіндіге жеткенде, қасқырған қара жол жайқалып жаңа бас алып тұрған егінді қақ жарып өтті. Қарт жолаушы жайқалған егінге жадырай қарап: «Балалар, мына егіннің дәні алал ма екен, жоқ, арам ба екен?» деді. Жас жігіттер бір-біріне таңдана қарап: —мына қарт алжыған ба, әйтпесе осындай сұрақ беруге бола ма?—десті, оңашалана беріп өзара күбірлесіп. Бірақ қартқа жауап қайырмады.

Көк жүзін күні бойы кезіп қажыған күн көк жиекке иек артып, жер бетімен қош айтысқандай ұясына батып бара жатты. Жолаушылар жан-жануардың кешкі дабылына құлақ түрісіп, бір шаһардың шетіне жетті. Олар шаһардың төңірегіне тесіле қарасып келе жатып, сыртта қорған ішіндегі қорым басында жұрт жыйылып елінің бір қадырлысын жерлеп жатқанын көрді. Өкірген, өксіген жандардың үні құлақтарына шалынды. Қарт жолаушы сабырлы салқын дауыспен: «Балалар, мына марқұм өлі адам ба екен, жоқ тірі адам ба екен?» деді. Екі жігіт бір-біріне үршиесе қарасты, қартты ақылынан адасқан ақмаққа санасты, жауап қайырмады.

Шаһар ішіне кіргенсің қарт жолаушы атының басын бұрды да, шеттегі үйлердің біріне атын байлап қала берді. Екі жігіт қарттың кім екенін біле алмай, дыбырлай сөйлеп келіп, бір таныстарының үйіне түсті. Олар қонақ үйде үй қожасы, оның бала-шағасымен бас қосып отырғанда, таңдана сөйлеп сөз бастады, жолаушы қарттың сұрақтарын қайталады, бірақ шешім іздемеді, тек болғаны алжыған, ақылынан адасқан қария десіп күлесті. Әңгіме аяқтала бастағанда үй иесінің он жасар жалғыз баласы әдепшен сөз алып: «Ағалар, кешіріңдер, хате айтасыздар, қарт жолаушы ақылды, бірақ жолдастары ақымақ екен» — деді. Төрте отырған екі жолаушы бір-біріне ежірейісе қарап, ашу шақырып жарыса сөйлеп «сен оны қайдан білдің, жасыңа жетпей үлкенге тіл тигізбе!» десті. Баланың әкесі де қонақтарды қолдай бастады. Бірақ бала ашулы сөздерден жасқанған жоқ, кезегін күтті. Жұрт томсырайысып тоқтаған кезде сөз алып, қарт жолаушының жұмбақты сұрауларын талдауға кірісті. Бала айтты: —Бірінші, қарияның «балалар жол қысқартыңдар» дегені—кісі тыңдарлық әңгіме айтыңдар,

дегені. Өйткені ұзақ жолда қызықты әңгіме айтылса, жолдың алыстығы ұмытылады, жолаушы қажымайды.

Екінші, жолаушы қарттың «балалар, мына егінің дәні адал ма екен? Жоқ, арам ба екен? дегені — мына егінің дәнін еккен жей ме? Жоқ, ектірген жей ме? — дегені. Еккен, еңбек еткен кісі жесе — адалдығы, егер ектірген, жатып ішер жесе — арам болғандығы.

Үшінші, қарттың жерленіп жатқан өлікті көріп: «мына марқұм өлі адам ба екен, жоқ, тірі адам ба екен?» дегені — марқұмның аты аталатын баласы бар ма екен, жоқ өз аты

көрге өзімен бірге көмілген жалқы жан ба екен?» дегені. Қонақтар баланың дәлелді сөздерін ұйып тыңдады, ұялып тыңдады, қарсы сөз қатпады, жолаушы қарттың жұмбағы мен ақылды баланың шешуін іштерінен жаттады.

Келер күн бала жолаушы қарттың қонған үйіне барды, сәлем беріп қолын алды. Бала қарттың, қарт баланың ақыл иесі екендігін таныды. Екеуі әке мен баладай дос болды. Қария даналықты оқый берді, бала әр сөзін көңілге тоқый берді. Ақырында жас дана — ақылды бала атанып аймағына даңқы кетті. Ол туралы ел аузындағы ертегі сөз біздің заманымызға жетті.



Хожайыны салып қойған ершіктен арқасы босамаған көк есек мазасы кетіп, мәңгі қынжылуда болды.

Ол бір күні өзінің бірге жүрген досы түйеге келіп:

— Ершік жауыр қылып арқамнан сау тамтық қалмады, әбден өлер болдым. Бүйтіп қор болып жүргенше екеуіміз де өз жөнімізге қашып кетіп, еркін өмір сүрелік, — деді.

Түйе біраз үндемей тұрды да:

— Оның дұрыс, достым, хожайынымыз бізге тамақты аз береді, көп жұмыс істетеді. Қашуға мен дайын-ақпын, бірақ, қалай қашып кұтыламыз?

Есек айтты:

— Оның әдісін мен ойлап қойдым. Ертең хожайын-бізге тұз артып қалаға жүрмекші, сонда біз біраз жүріп-барып орта жолға жеткенде өтірік шаршағанып жата қалайық, ол қанша ұрып-соқса да мызғымалық. Сонансоң хожайын бізді сабап-сабап шаршап, сілесі қатқан соң өзі де қояр, сол кезде қаша жөнелейік, сонан соң өз жөнімізді өзіміз білеміз ғой.

— Мұны дұрыс ойлап тапқан екенсің, достым, — деп түйе қуанып кетті, екеуі де тек ертеңгі таңның атуын күтті. Ертеңіне хожайын оларға қап-қап тұз артып қалаға жүрді. Үйреншікті дағды бойынша түйе алдын бастан, оның артынан ізінше есек аяңдап келе жатты, олардың соңынан қолына ұзын таяғын ұстап хожайын келеді.

Бір кезде орта жолға келгенде есек те, түйе де шаршағанып, шөгіп жата қалды.

Хожайын оларды таяқпен ұра бастады. Таяқпен 39 рет ұрғанда, түйе жатқан орнынан

мыңқ етпеді, 40-рет хожайыны бар пәрменімен ұрғанда ұшып тұрды.

— Бәсе, алдақашан-ақ, осы керек еді — деп хожайын мардамсып, қоразданып қалды. Енді есекті тұрғызайын деп қырық рет, елу рет, алпыс рет таяқ соқса да есек тұрмады. Сонан есектің арқасындағы ершікті алып түйеге салды да жүріп кетті, есек жүксіз еріп отырды. Түйе есекке: — сенің үшін таяқ та жедім, сенің жүгіңді де алып келемін, көмектессеңші, досым, — деп еді, есек елең қылмады.

Сол жүріспен олар үш күндей жол шөгіп таулы асуларды асып барып, бір өзеннің кен өлкесіне жетті. Бұл жер есекке ұнай кетті. Ол жолаушы дәл жүрерде орнынан тұрмай жатып алды, жолаушы қанша ұрса да орнынан қозғалмады. Есекті тұрғызудан түңілген жолаушы



барлық жүгін түйеге артты да, есекті тастап жүре берді. Сөйтіп есек азап пен қорлықтан құтылып, осы өлкеде еркін өмір сүре берді. Бірақ, осы алапты көп жыл бойы бір жолбарыс мекендейтін еді. Сол жолбарыс «өлкемді аралап шолып шығайыншы» деген оймен жортын келе жатып есекке кездесті. Есек оны елең де қылған жоқ, құйрығын шыйпаңдатып, сыдырып шөпті жұлып, жайыла берді.

— Бұл неғылған аң, — деп жолбарыс таңқалды. Есек те жолбарысты көріп қалып «енді ажалым жеткен екен» деп ойлады. Бірақ босқа



өлгенше бір қайрат көрсетейін деді. Сүйтті де құлақтарын қайшылап қарып жіберіп, бар дауысымен жер жара ышқынып өкіріп еді, оның даусына шыдай алмай жолбарыс қорқып ізінше серпіліп кері қаша жөнелді.

Қашқан жолбарысқа жолшыбай қасқыр кездесті.

— Түсіңіз бұзылып кетіпті, сонша қимнен қорықтыңыз? — деді ол.

— Мен өмірімде көрмеген бір аңды көрдім, құлақтың орнына қанат біткен, аузы басынан үлкеп, ақырған даусы жер сілкінтіп, көк тігіретеді, өте қорқынышты аң екен, — деді жолбарыс.

— Тоқтай тұрыңыз, аң патшасы, сіздің көргеніңіз есек емес пе?

— Дәл өзі.

— Олай болса, оны біз екеулеп ертең арқанмен ұстап алалық, — деді.

Айтқанындай ертеңіне қасқыр арқан тапты. Оның бір ұшып жолбарыстың мойнына, екінші ұшын өзінің мойнына байлады. Сөйтті де есекке келді. Есек оларды көргенде бұрынғысынан да қатты аузын арандай ашып, бар пәрменімен айқайлап жіберді. Жолбарыс: «е-е-е, — достым, түсінікті, сен мені бұл адам көрмеген бір пәлеге жегізейін деп жүр екенсің» деп кейін қарай шегініп, долданып, жұлқынып қалғанда қасқырдың мойнын жұлып алды. Мойны үзіліп қасқыр жап тапсырды. Жолбарыс қашып жоқ болды.

Үрейі ұшып, қашып бара жатқан жолбарысқа сауысқан кездеседі. Ол бұл жағдайдың бәрін жолбарыстан естіп алып, өзі барып көріп-біліп қайтуға, есек жүрген жерге келеді. Сауысқан келсе, есек өліп қалғандай-ақ, төрт аяғын төрт жаққа жіберіп ұйықтап жатыр екен.

Сауысқан есектің ана жағына бір шығып, мына жағына бір шығып ұшып-қонып қарап еді, есек тыпыр етпеді. Сонансоң есек жатқан жерде шашылған тарының ба, бидайдың ба дәнін шұқыймын деп, тұмсығын жерге пұсқанда, есек сауысқанды екі аяғымен қысып алып, жібермей, құйрығымен сабалай бастады. Сауысқанның қанаттары жұлынып ұша бастады. Сонан соң тұяғымен теуіп жіберіп еді, сауысқан лақтырған кесектей анадай жерге ұшып түсті.

Аздан соң сауысқанның есі кіріп, бірте-бірте жорғалап, сонан ептен ұшып жолбарысқа келіп, бар даусымен:

— Жолбарыс, жаның барында бұл жерден аулақ кет! Әйтпесе, ана сен көрген аң өте қауіпті, ірі аң екен, міне мені көрдің бе, өлгіре жаздады, жаман мертіктім. Кетпесең сені де осылай етуі ғажай емес. — деді.

Жолбарыс зәресі ұшып, енді қайтып бұл жерге оралмастай болып, ол өлкесінен безді.

Сонымен батыр есек осы күнге шейін сол өлкені мекендеп, жайбарақат жайылып жүр.





ОН ТӨРТ ЖАСАР ҚАЗБЕК

Аблайдың кезінде қалмақтың ханы сір, кісі алып кетеді. Аблай теңдік сұратып сөз ұстаушысын Айдабол Тайкелтір би етіп, жүз кісі жібереді. Сол қалмаққа дау қуа барған жүз кісінің ішінде тай мініп жүрген 14-15 жасар Қазбек бала да бар екен.

Ел шауып, қолы қанданып отырған қалмақтың ханы Қонтәжі бұларға: — Неге келдіңдер? — дейді.

Сөз ұстап барушы Айдабол Тайкелтір би:

— Өгізді өлеңге, ерлікті төменге байлап, алдыңызға келіп отырмыз, алдияр! — депті.

Қонтәжі менсінбеген түрде:

— Кешке дейін бір жауабын берермін, жауап бермесем, ат-кәліктерің аманында елдеріңе қайтыңдар! — депті. Тайкелтірдің сөзден ұтылғанына шыдай алмай, есік жақтағы атқошы 14 жасар Қазбек:

— Ел ебелек емес, ер көбелек емес, дәт?! — дейді.

Қонтәжі:

— Сен кімсің? — дегенде:

— Халқым қазақ, руым қара кесек, әкем Қелдібек, атым Қазбек. Елде жүргенде балалардың басшысы едім, қазір ағаларымның атшысымын, тай бәйгісінен шығып, ат бәйгісіне бірінші рет қосылып тұрмын — деп жауап береді.

Қонтәжі:

— Дәтің болса, айт! — дейді.

Қалмақ ханы Қонтәжіге, Қазбек:

— Сен темір де, мен көмір,

Еріткелі келгенмін.

Екі еліктің баласын,

Теліткелі келгенмін.

Сөз бермейтін шешенді,

Кеміткелі келгенмін.

Егесетін ер шықса,

Иілткелі келгенмін.

Тұтқыр сара желімін,

Шабысқалы келгенмін.

Жаңа үйреткен жас тұлпар,

Жарысқалы келгенмін.

Танымайтын жаттарға,

Танысқалы келгенмін.


Табысуға келмесен,

Тұрысатын жерінді айт,

Сен қабылан, мен арыстан,

Алысқалы келгенмін, — дейді.

Хан сөзден жығылып, «мұнан былай атың Қаз дауысты Қазбек болсын!» деп, Қонтәжі алғандарын түгел қайырады.



ОЙНАП ЖҮРГЕН ОН ЖАСАР БАЛА

Төленің он жасар кезінде, әкесі Әлібек биге екі адам жүгініске келеді. Біріншісі айтады:

— Қақпанға түскен түлкімді мынау алып бермей отыр, бұл менің қырдан қуып келіп індеткен түлкім еді, — дейді.

Екіншісі:

— Бұл кісінің індетуі өтірік, жер менікі, менің жерімдегі түлкіде менікі, — дейді. Әлібек екеуін ойнап жүрген Төлеге жібереді.

Даугерлер Төлеге дауларын айтысады, Төле даугерлердің сөздерін тыңдап болып:

— Түлкі арлан болса, сенікі болсын, — дейді келіп індеттім деушіге, — ал ұрғашы болса, сенікі болсын, — дейді жер менікі деушіге. Даугерлер бұған риза болмай, Төленің әкесіне келеді.

Әлібек:

— Төлем дұрыс билік айтқан, «түлкінің арланы қыр жайлайды, ұрғашысы ой (ін) жайлайды», деуші еді. Төленің бітімі бітім. Егер еркек болса, қырдан ізімен келіп індетушінікі болсын, ұрғашы болса, жер несі сенікі болсын, — деп Әлібек дауды бітіреді.





Адам баласы алғашқы кезде күнделікті тіршілігін жаяу жүріп өткізетін. Ол уақытта алысқа жүрудің мұқтажы да жоқ болатын.

Ғасырлар өткен сайын адамның тәжірибесі көбейе берді, керек заттарының да саны өсті. Оның көбін алыстан іздеу керек болды. Жаяу жүріп істелетін ісі өнімді болмады. Сондықтан жабайы аңдарды ұстап үйретіп, оларды мініп көлік ете бастады, ол аңдар осы күнде өзіміз білетін жылқы, түйе, сыйыр, піл тары басқалар. Соңырақ арба жегіп жүруді үйренді. Адам қорама өсіп өркендеген сайын қатынас жолы да ұлғая берді. Адам жылдам жүрудің, алыс жолды аз уақытта алудың қамын ойлады. Сөйтіп машина дәуіріне де жеттік. Алдымен будын күшімен, соңынан сұйық затты, газды машинаға жем етуді үйрендік. ХХ-ғасырда адам жерді қойып, аспанға ұшып шықты. Ауада ұшудың пайдалы, ыңғайлы екеніне анық көз жетті.

Самолетпен, дирижабльмен ұшуға осы күні қанағаттанбайтын болдық. Винтті самолеттің жылдамдығы бізді қанағаттандырмай, бізге қазір ракеталық ұшқыш керек болып отыр.

Ракета дегеніміз не? Оның ұшуына не себепкер болады? Міне, осы сұрақтарға орыстын атақты оқымыстысы Циолковский толық жауап берген. Ракетаның құрылысы, ұшу әрекеті бір жағынан қарағанда сондай оңай, неліктен ертерек табылмады екен деп ойлап та қаласың. Айтайық мылтықты атқанымызда, түбі ыйығымызға кейін тебеді, ыйық тіреп тұрмаса, мылтық өзі кейін ұшып кетер еді. Міне, ракетаның ұшуы осы сыяқты, тек оқтың орнында газ болады және бір атып қана қоймайды, секундына мың-миллиондаран газдың уақ бөлшектері атылып жатады. Ракетаның бітеу жағына соққан газдар ракетаны жаңағы мылтық құсатып ілгері итеріп ұшырып отырады.

Бұдан жүз жыл бұрын Англияда Перкс деген кісі мынадай тәжірибе жасапты. Зеңбіректің оты сыяқты сауытқа ыстық су құйып, түбіндегі тесігін қалайымен тығындап қойған. Оған кейін сауытты отқа ұстаған. Ішіндегі су бу болып, қызып тығынды жібітеді. Жібіген тығын будың қысуымен шығып кеткен кезде, сауыт-ракета аспанға зымырап ұша жөнеліпті.


1903 жылы Циолковский осындай ракеталармен тек қана жер бетінде ұшу емес, басқа планеталарға да ұшып баруға болатындығын толық

РАКЕТА

дәлелдеген. Бірақ ұлы ғалымның бұл еңбегі ол кезде аяқсыз қалды, өйткені оған ешкім сенбеді. Тек совет үкметі орнаған соң ғала даңышпан ғалымның еңбегі жарыққа шықты.

Ұлы ғалым өзінің ұшқыр қыялының арқасында, болашақтағы техниканың даму жолын топшылады. Ғалымның бұл сыяқты болашақты тамаша сыпаттауы совет инженерлеріне қазір темір қазық жұлдызындай тура жол көрсетуде.

Циолковский өлгеннен кейін де оның бастаған жұмысын шәкірттері толық аяқтап шығу үшін, ілгері дамыта берді. Ұлы Отан соғысы кезінде күшті жаңа қару-жарақ керек болды. Ол үшін оқымыстылар реактивтік қозғалысты пайдалануды ұсынды. Біздің «катюша» деген гвардиялық минометтеріміздің атқан снарядтары неміс басқыншыларының басына жасыл боп түсті. Бұл миномет нағыз реактивтік техниканың негізінде жасалған. Онымен қатар біздің елде самолетпен тасалатын торпедалық ракета шығарылды. Осының барлығы жаудың техникасын, қамалдарын, әскерін қыйратып, жөюде өте күшті қару болды.



Соғыс уақытында ойланып табылған техника жаңалығы қазір бейбітшілік өміріміздің мүддесіне жұмсалынады. Жақын жылдардың ішінде тамаша ракеталар ондаған мың километр жерді бір неше минутта-ақ ұшып өтетін болады.


Ракета жүк, почта тасыйтын болады, әуеде түрлі ғылыми—зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Ракеталық қозғарыш қазір самолеттерге де орнатыла бастады. Мұндай самолеттердің жылдамдығы сағатына мың километрден кем емес. Ракета техникасының өсуіне қарағанда болашақта 20—30 жылдың ішінде, ауада ұшағын алып ракеталық кемелер жасалып бақ. Бұл кемелердің жылдамдығы орасан зор. Москвадан Қызырпырысқа бір сағатта-ақ жететін боламыз.

СӨЙЛЕЙТІН АЛЫП

Радио репродукторларының әлденеше түрлері бар. Сендер көшеге, алаңдарға, халық көп жыйналатын жерлерге орнатылатын үлкен репродукторды көрген боларсындар. Ал, енді, сондай-ақ «рекорд» деп аталатын кішкентай, дөңгелек қара репродуктор да сендерге көптен тағыс, күнде көріп жүрсіздер. Бұдан да кіші — «лилипут» деп аталған, балапан репродуктор да бар. Бұлар, көбінесе жазу столы үстіндегі электр шамы түбінде тұрады. Осы репродукторлардың ең кішісі де, үлкені де өзінше жақсы-ақ дауысы анық және құлаққа жағымды. Оның үстіне даусын қатты шығатын етіп, немесе баяу шығатын етіп қою — қолдағы нәрсе. Бірақ бұл репродукторлардың қанша жақсы болғанымен аз адамға ғана естілерлік дәрмені бар. Егер осы айтылған репродукторлардың ішіндегі ең күшті, дауысы зор дегенін екі жүз мың немесе үш жүз мың адам жыйналған алаңға шығарып қойсаң, берілген хабарды тек алдыңғы 20—30 қатардағылар ғана естиді, ал енді қалғандары не істеу керек? Сондықтан осындай үлкен репродуктордың бірнешеуі алаңның әр жеріне орнатылады. Бірақ, әдетте олар бір-біріне кедергі жасайды. Өйткені олардан дыбыс бір мезетте шықпай, бірінен шыққан үннен екіншісінің үні кешігіңкіреп шығады, құлаққа да солай естіледі.

Сондықтан анық естілетін және шаршы топқа түгел естілетін, даусының күштілігі жөнінен алаңға орнатылған әлденеше репродукторлардың қызметін бір өзі атқаратын «алып» репродуктор жасау керек болды.

Радио аппараттарын жасаумен шұғылданатын инженерлер әлгі айтылғандай аса қуатты репродуктор жасап шығарды. Бұл репродуктор өте үлкен, ол рупор деп аталатын ағаштан жасал-




ған. Арнасының ішіне бірнеше бала сыйып тұрғанын суреттен көріп тұрсындар. Балалар тұрған жердегі дыбыс бәсең естіледі, ал оның үстіне қойылған репродуктордың даусы өте қатты шығады.

Бұл «алыпты» алғаш істеп шығарып, сөйлетіп байқағанда даусының күштілігі сонша, рупор ағашындағы шегелер ұшып-ұшып кеткен.

Бұл алып репродуктор қазір жасалып болып сыннан өтіп, қабылданды. Таяуда мұндай репродукторлар үлкен алаңдарға, стадиондарға, мәдениет парктеріне орнатылады.

ТАМАША СОҚА



Бәріңізде білесіздер, жерді әуелі соқамен жыртады. Онан кейін сол жыртылған жердің ірі кесектерін дөңгелек пышақтармен уақтайды. Ең соңында оны тырмамен майдалайды.

Ал Америкада осы жұмыстың барлығын да біржола істеп шығатын жаңа соқа жасалыпты. Соқаның пышағы өте оңай жасалған, ол бұранда болып келген кәдімгі үлкен өткір темір пышақ. Ол трактордың моторынан тартылған темір белдік арқылы айналады. Айнағанда-ақ өзі жерге кіріп жырта бастайды. Соқаны бұрғанда темір белдік сынбас үшін оның екі жері омырмалы болып келген. Пышақтың жерге терең, саяз кіруін тракторшының өзі реттеп отырады.

Пышақтың алатын тереңдігі 7,5 см ден 22,5 см-ге дейін. Мұның екінші бір тамашасы: пышағын қайрап керегі жоқ оның өзі қайралып отырады. Үшінші бір қызық жері: темір белдікті пышақтан босатқанда, пышақ жердің бетіне өзі шығады. Төртінші бір жаңа соқа тракторды кейінге тартпайды, қайта аздап алға демеп отырады. Осының бәрі де пышақтың бұранда болып келгендігінен.



ҚЫЗЫҚ КІТАП

Жазушы Әбдіқадыров Қалмақаның «Амантай» деген жыйнағы баспадан 1945 жылы басылып шыққан. Бұл жыйнақтың тілі қарапайым балаларға өте түсінікті. Әңгімелері қысқа, уақытталары көңіл аударатындай өте қызық. Әңгіменің көпшілігі балалар тұрмысынан алынып жазылған және соларға арналған. Бұл кітаптың ішіндегі әңгіменің бірі — «Амантай», сондықтан да кітап «Амантай» деп аталған.

«Амантай»дан басқада бірнеше мұнда «Тау елінің данышпан баласы», «Тапқыш» деген әңгімелер және «Есек пен өгіз» деген ертегі өлең бар.

Амантай—жас баланың аты, ол әңгіменің бас кейіпкері, азамат соғысының алғашқы кезіндегі ауыл баласы. Амантайдың ауылы қоныстайтын жер — жаратылысы жағынан өте бай, әдемі көріністі аймақ болды. Осы көркем өлкеде Амантай жолдастарын ертіп жазғытұрым ылғый серуендеп, қыдырып жүреді. Олар табиғат көріністерін көз алдарынан өткізеді: ағашты аралайды, өзен жағасына барады, құстардың жұмыртқаларын іздейді. Неше түрлі керемет өсімдіктер мен хаюандарды көреді. Ал бұл әңгімені оқып отырғанда ботаника, зоология ғылымдарында кездесетін өсімдіктер мен хаюандар туралы көп білім алуға болады. Өйткені, олардың қай уақытта өсіп-өнетіні, қандай жерді мекендейтіні, мінез-құлықтары жайында да айтылады.

Сол ескі дағдылары бойынша, бір күні Амантайлар өзен жағасын аралап кетеді. Топты бала ауылға қайтып келгенде, Амантай жоқ болып

БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ

АБДЫҚАДЫРОВ ҚАЛМАҚАН

АМАНТАЙ



ҚАЗАҚСТАН БҒАЛЫМ ЖӘНЕ ӨНЕР МІНІСТЕРЛІГІ БАСПАСЫ
АЛМАТЫ 1945

шығады. Амантайдың ауылында Әшірбай деген суайт өтірікші шал болады. Осы шал балаларға кездесіп қалса-ақ, «ақсақты тындай, өтірікті шындай» етіп соға бастайды.

Әшірбай бір күні тоғайға барыптымыс, ал:

— Тоғайда не істедіңіз? — деген сұрауға, ол:

— Қырғауылға тұзақ салып, қаршығаға тор құрып едім,—дер болар.

— Қанша қырғауыл алдыңыз? — десеніз,

— Қанша екенін қайдан білейін, балам, әйтеуір алты қанат үйдің орнындай шұңқырды толтырып, «ит жер, ит жемесе мен жермін» деп тастап кеттім, — деген болатын.

Міне, Әшірбайдың бұл өтіріктеріне Амантай шын сенетін. Балалардан адасып қалған Амантай өзен жағасындағы ағаштың басында тұрған жыланды өлтіреді. Одан әрі бір ағаштың басында қонып отырған қос балапанды көреді. Әшекеңнің


айтқандары есіне түсіп, балапандарды ұстамақшы болып, ағаштың бұтағына шыққанда бұтақ сынып, Амантай тасып жатқан өзенге құлап кетеді. Бұдан соң Амантайдың басынан көп ауыр уақытталар өтеді. Ақырында, ол аман қалады. Оны азамат соғысында жүрген қызыл жауынгерлер тауып алып, өздерінің әскери лагеріне әкеледі.

Міне, бұл әңгіменің ұзын ырғасы ғана, ал әңгімені толық білу үшін бұл кітапты өздерің оқып шығуларың хажет.

Амантай нанғыш бала, сонымен қатар, әңгімені оқып отырсаңыз, оның тапқыр екенін, батыл екенін байқайсыз.



Жазғы демалысты қалай өткіздік



Мен көп жыл бойы қалада тұрдым. Сондықтан ауылды көруге құмар едім. Әресе, көп жыл бойы көрмеген ауылдағы Қойшыбай атамды сағындым. Оқу жылы біткен соң әкеммен бірге ауылға бардым. Біз барған күні Қойшыбай атам-

ның көк биесі құлындап, екі құлағы тіп-тік күрең қасқа құлын тапты. Жаңа туған жас құлын қандай сүйкімді болады. Оның үстіне мен құлынды өте жақсы көретін едім. Соңғы уақыттары ермегім сол құлын болды. Айналып үйіріліп құлынның қасынан шыққым келмеді. Таң атса-ақ болғаны құлынға сүт беремін, су беремін. Атам маған кішкене поқта жасап берді. Мен оны құлынға кигізіп жетектеп жүретін болдым.

— Әке, атам мына құлынды маған бермес пе екен? — деймін мен әкеме оңашада.

— Малжанды кәрі кісі ғой, бермес, сұрамай-ақ қой — деді әкем. Бұл сөзді естігенде мен жамаң ренжіп қалдым. Сұрайын десем атамнан әрі ұялам, әрі бермей ме деп хауіптенемін.

Біз қайтатын мезгіл де жетті. Туыстар ат жегіп әкелді, киініп жатырмыз. Атам да, басқа туыстар да құлын туралы ештеңе айтпайды. Менің құлынды тастап кеткім келмейді. Тіпті ыза болып жылағым да келіп тұр. Әкем үйден енді шыға бергенде, бір бұрышта томсырайып тұрған мені атам қасына шақырып алып:

— Жаным Еркін, қалараның не, алып кет — деді. Мен қуанып кеттім. «Құлын» деп аузымнан қалай шыққанын өзімде байқамай қалдым. Айтарын айттымда, өзім ұялып қалдым. Атам мені маңдайымнан сыйпап:

— Қалараның құлын болса ала ғой, қалкам! — деді.

Қазақтың әдеті бойынша мен құлынның оң жақ құлағының ұшын тіліп ең салдым. Мен оны жақсылап өсіремін, өзім әскерге барғанда, атты әскер болуға әзірленемін.

Еркін Мәжікеев,
Алматы, № 25 мектеп



Мен жазғы демалыс кездерінде өзіміздің мектептің оқушыларымен танысу сапарында болдым. Күндегі әдет бойынша біз мектеп алдына жыйылдық. Бізді пионер вожатыйы Әуезханова қатарға тұрғызып,

біздің көлге баратындығымызды және ондағы су жәндіктерімен танысатындығымызды айтты. Біздер жолға шығып көп ұзамай көл жағасына келдік. Көлдегі және көл жағасындағы өсімдік, жәндіктермен таныстық. Шегіртке, көбелек, қоңыздар ұстадық. Пионер Махмет ит балық ұстап алды. Вожатый бізге ит балық туралы әңгіме айтты. Ит балықтың безгек массасын жойып отыратындығын түсіндірді. Біз серуендеп, суға түсіп, демалып, қалаға қайттық.

Біз бұдан бұрын да бірнеше рет сапарға шыққан едік. Онда зоопарктегі аңдармен танысып және қала қасындағы көлдің бойындағы өсімдік, жәндіктерді зерттегенбіз. Өзіміздің пионер үйіндегі жәндіктер бөлмесіне шағала, қарлығаш, бозторғай сыяқты құстарды, үй қояндарын, түрлі балықтар, тасбақа, көлбақа және басқа жәндіктермен өсімдіктерді жыйнап әкелген едік.

Осы бағытпен талай рет тауға, далаға шығып, ондағы өсімдік, жәндіктермен танысып оларды зерттедік. Байқасақ әліде талай зерттелмеген өсімдік, танылмаған жәндіктер, ашылмаған байлықтар бар екен. Оларды зерттеп, сырын ашу мына біздің — жастардың үлесіне тиеді. Ол үшін оқу керек, білім алу керек екен. Әресе, ботаника мен зоологияны жақсы білу хажет. Міне, мен быйыл оқуға осындай ойлармен келіп кірістім. Енді бар күшімді сабақ оқуға жұмсаймын. Сөйтіп, өскенде жақсы ботаник болып шығатын боламын.

Т. Хайдаров.

Қарағанды,
№ 7 мектеп



ЖҮРЕК ҚАЛАЙ ДАМЫЛДАЙДЫ.

Адамның жүрегі ылғый тоқтаусыз соғып тұрады. Ұйықтап жатсақта, отырсақта, тұрсақта, жүрсекте—жүрек ешбір соғуын тоқтатпайды. Егер адам жүрегін моторға жалғастырып, оны жүргізсе, ондай мотор бір күн ішінде салмағы 20 тоннаға жуық жүкті бір метр биіктікке жоғары көтерер еді. Ал, сонда жүрек елу жылда бір тоннадан астам жүкті жер шарындағы ең биік таудан да жоғары, демек 300 мың метр биікке көтермек. Бірақ сүйте отырып жүрек дамылдан, дем алады.

Жүрек әрбір соққанда секундтың оннан бір бөлегіндей сәл кідіріп, тоқтап соғады. Бірақ ол тоқтағаны ешқашанда сөзілмейді. Сөйтіп жүрек денеден қан қозғалуын бұзбай, бір минут ішінде 10 секундтай дамылдайды, дөпем тәулігіне 8 сағаттай дамылдайды. Сондықтан да жүрек өмірбойы дамылсыз жұмыс істейді деп санау қате болады.

ТҮЗ ШӨЛ ҚАНДЫРАДЫ

—Кел суға тұз сап ішейік,—дейсін сен ауа райы ыстық күні.

—Кой, тұзды су ішкені несі, қалжындайтын шығарсың.

—Жок, бұл қалжың емес. Күн ыстықта суға да, шайға да тұз салып ішкен жөн Оның мынадай мәні бар. Адам суды неғұрлым көп інсе, соғұрлым көп терлейді. Су денеден тер болып бөлініп шыққан сайын, адам шөлгіркеп көп ішкісі келе береді. Тұз тердің шығуына кедергі жасайды. Сондықтан ыстық күндері, әсіресе ауыр жұмыс істеген кезде, жорықта жүрген кезде тұзды су шөлді жақсы қандырады.

М А З М У Н Ы

Әбу Эль — Атрауи — Ғалымның жолы	1	Д. Әлімжанов — Шыл	25
Б. Искаков — Туған елге	4	Әлихан — қарға	25
Т. Сағымбаев — Ақ лақ	5	М. Зверов — Жауынгер кустар	26
Қ. Аманжолов — Мартбек	7	Л. Яковлева — Жер бетіндегі өмір туралы	27
Х. Мұсабаев — Тәртіп туралы	10	Н. Жүкенов — Ақ табан шұбырынды алқа көл сұлама	30
Д. Әдіхамов — Мұнай	12	Д. Әбілев — Жас емен	31
Ж. Сыздықов — Алмас	14	Ақылды бала (ертегі)	32
Ә. Сүлейменов — Шинель туралы жыр	17	Батыр есек (ертегі)	33
Қ. Борамбаев — Жас аншы	18	Ел аузынан	35
Б. Макаренко — мектеп алаңы	19	Техника жаңалықтары	36
Батыр қала	20	Біздің кітапхана	38
Н. Сүлейменов — Шәкірт қыз	22	Жазғы демалысты қалай өткіздік	39
Пионер деп кімді айтады	23		

Мұхабаның 1-бетіндегі суретті жасаған суретші А. Кастеев.

Мұхабаның 4-бетіндегі «Күшік пен мысық» деген тақырыптағы суреттерді жасаған суретші Н. Ходжиков.

Шығарушылар алқасы: Т. Абдрахманов (Жауапты редактор), Н. Ахметова, Қ. Борамбаев, С. Мұқанов, Ә. Сытдықов, Ж. Қонақбаев, Ә. Бектұров, К. Жармағамбетов, А. М. Черкасский.
Тех редактор Н. В. Бородин.

Подписано к печати 17/IX. 1946 г. УГ01527
76000 зн. в п. л. объем 2,5 п. л.

82x110 1,16 бумаж листа
Тираж 10000.

Гостипография № 3 Управления полиграфии и издательства при Совете Министров КазССР
гор. Алма-Ата, проспект Ленина, 2. Заказ № 873

Орман ішінде


Орманшының осы қатар тұрған 36 ағаштан 12 ағаш кесіп алғысы келді. Бірақ ағаштың әрбір қатарында тігінен санағанда да, көлденеінен санағанда да 4 ағаштан қалуы керек. Орманшы ойлап-ойлап таба алмады.

Мұны қалай істеу керек? Балалар, орманшыға көмектесіңдер!



Франка заңы

Бірінші стаканға су толтырылған. Ол су шүберектің бойымен басқа стакандарға құйылады. Соңғы стакан суға толған кезде, су сол шүберектің бойымен басқа стакандар арқылы бірінші стаканға қайта құйылады.



Балалар, бұл физиканың қай заңына жатады?

М. КУДРЯШЕВ.

Жұмбақтар

1

Зерек бала қолданса,
Көңілі тояр.
Жалқау бала қолданса,
Қол-аяғын бояр.

2


Сандықты аша бер
Қақпақтарын асықпай.
Соншама байлық дайын,
Ала білсен жалықпай.

3

Үші сүйір таяқ,
Әр түрлі із салар.
Көп ойламай-ақ,
Осыны, кім табар?

Д. ӘЛІМЖАНОВ






— Неғып жатырсың күшім,
Неткен жүдеу еді түсін?




Күтпеген күшік
Орнынан түрегелді ұшып:




— Бір күні кеп қожайыным,
Бар,—деп қуды,—көп айыбын!



Мысык айтты:—Үрушімен?
Күшік атты:—Үрмеуші ем мен,



Мысык айтты:—Ендеше күшім,
Айыбын дәл осы екенін түсін.
Тыным көрмей түнімен үр,
Жата бермей күнімен жүр!



Үйіне келді, үретін болды,
Тынбай және жүретін болды.
Мұны келіп қожасы көрді,
Сорпа-суын бар асын берді.

Ф. Диналламов.